



**Заң**

**және**

**Заман**

**ЗАКОН И ВРЕМЯ**

**1'96**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**  
Біздің журналға "Қазбаспасөз"  
агенттігінің жергілікті  
бөлімшелері арқылы жазыла  
аласыз. Бір нөмірінің бағасы жеке  
жазылушылар үшін - 150 теңге,  
индексі 75860, ал мекемелер мен  
кәсіпорындар үшін - 170 теңге,  
индексі - 25860.



**УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!**

Подписку на наш журнал вы можете оформить в местных отделениях агентства "Казбаспасөз". Для индивидуальных подписчиков цена одного номера - 150 тенге, индекс издания 75860, для организаций и предприятий цена одного номера - 170 тенге, индекс - 25860.





## «ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН»

### ЖУРНАЛЫНЫҢ ОҚЫРМАНДАРЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҰЖЫМЫНА

Республика Бас прокуратурасы шығаруын жүзеге асырған «Заң және заман» жаңа журналының жарық көруін мен аса өзекті мәселе деп білемін.


Өтпелі кезеңнің күрделі құбылыстарын бастан кешіп, адам құқықтары мен бостандықтарының әмбебап принциптерін жаңаша ой елегінен өткізіп отырған Қазақстан қоғамында заңның үстемдігін, құқық тәртібін, өмір ағымындағы өркениетті нормалардың сөзсіз сақталуын бекем орнықтыру аса маңызды.

Бұл жауапты іс құқық қорғау органдарын нақтылы ұйымдастыруды ғана емес, сонымен бірге ауқымды түсінік жұмысын, азаматтардың бойында құқықтық сана-сезім тәрбиелеп, қалыптастыруды, заңды құрметтеуді және оның рухы мен әргі алдындағы жауапкершілікті талап етеді.

Осы тұрғыдан келгенде, «Заң және заман» журналының атқарар қызметі зор болмақ. Оқырмандардың үлкен шоғырын жинай отырып, сіздер республикада құқықтық реформаны жүзеге асыруда, заң шығару пайымын тереңдетуде, құқық қорғау органдары жұмысының тәжірибесін саралауда көп жұмыс атқара аласыздар деген ойдамын.

Журнал ұжымының өз айналасына адал оқырмандар жинауына, сенімді серіктестер құруына тілектеспін. Сіздерге шығармашылық табыстар мен жаңа жетістіктер тілеймін!

Қазақстан Республикасының  
Президенті

 Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.



ЧИТАТЕЛЯМ И ТВОРЧЕСКОМУ  
КОЛЛЕКТИВУ ЖУРНАЛА  
«ЗАКОН И ВРЕМЯ»

Выход в свет нового журнала «Закон и время», осуществленный Генеральной прокуратурой республики, мне представляется весьма актуальным.


В казахстанском обществе, переживающем сложные явления переходного периода, по новому осмысливающим универсальные принципы прав и свобод человека, чрезвычайно важно утвердить верховенство закона, правопорядок, безусловное соблюдение цивилизованных норм жизнедеятельности.

Это ответственное дело требует не только четкой организации правоохранительных органов, но и большой разъяснительной работы, воспитания у граждан правового сознания, уважения к закону и ответственности перед его духом и буквой.

В этом плане перед журналом «Закон и время» открывается огромное поле деятельности. Думается, что, обладая большой аудиторией, вы можете немало сделать для реализации правовой реформы, углубления законотворческой мысли в республике, обобщения опыта работы правоохранительных органов.

Желаю коллективу журнала обрести верных читателей, создать надежный актив. Творческих вам удач и свершений!

Президент  
Республики Казахстан

 Нурсултан НАЗАРБАЕВ.



# Заң ЖӘНЕ ЗАМАН

1.96

мамыр-маусым

# ЗАКОН И ВРЕМЯ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
Қоғамдық-саяси, ғылыми - құқықтық журналы

### АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

- |  |   |
|--|---|
| <b>М.С.НӘРІКБАЕВ</b> -<br>төраға, Бас прокурор | <b>Б.Т. ТҮРҒАРАЕВ</b> -<br>Бас прокуратураның |
| <b>Ж.С. ЕЛУБАЕВ</b> -<br>Бас прокурордың       | Құқықтық ақпарат                              |
| орынбасары                                     | орталығының бастығы                           |
| <b>С.П.ЕСЕНОВ</b> -<br>Бас прокурордың         | <b>Ю.А. ХИТРИН</b> -                          |
| жетекші маманы                                 | Қазақстан Республика-                         |
| <b>А.В. КОНСТАНТИНОВ</b> -<br>Бас прокурордың  | сының Әскери                                  |
| бірінші орынбасары                             | прокуроры                                     |
| <b>Н.Л. МУФТАХ</b> -<br>Бас прокурордың        | <hr/>   |
| аға көмекшісі                                  | <b>РЕДАКЦИЯ:</b>                              |
| <b>Ж.А.МҰХТАРОВ</b> -<br>Бас прокурордың       | Бас редактор                                  |
| аға көмекшісі,                                 | <b>Самат ИБРАИМОВ</b>                         |
| Секретариат бастығы                            | Бас редактордың                               |
| <b>Б.Ә. СЕМБИН</b> -<br>Бас прокурордың        | орынбасары                                    |
| орынбасары                                     | <b>Самал СОҚПАҚБАЕВА</b>                      |
|  | Көркемдеуші                                   |
|  | редактор                                      |
|  | <b>Жеңіс НҮРЛЫБАЕВ</b>                        |
|  | Техникалық                                    |
|  | редактор                                      |
|  | <b>Дидар САДЫҚОВА</b>                         |

Журнал қазақ және орыс тілдерінде шығады



5. М.С. Нәрікбаев. Құқықтық тәрбие мен құқықтық қорғау.  
 9. Распоряжение Президента Республики Казахстан.  
 11. С.Зиманов. Законность-это сегодня проблема номер один.  
 12. Отчет Генерального прокурора Республики Казахстан.  
 22. Прокуроры Казахстана.  
 23. С.Ибраимов. Еске алып өткен жылдарды. Қазақстанның бұрынғы прокуроры Ө. Сейтовпен әңгіме.  
 29. К. Ногайбаев. Основные принципы организации работы органов прокуратуры.  
 34. Акты прокурорского надзора. Протест. Представление.  
 39. «Положение о прокурорском надзоре».  
 40. Прокуратура Республики Казахстан.  
 43. С. Бектенұлы. Заңгер заманға сай болсын. Заң институтының ректоры Е. Нүрпейісовпен сұхбат.  
 48. Р. Абдулвагапов. Хозяйственный спор и его решение.  
 55. Ұ. Қауысов. Әділдік әліптің артын бағу емес.  
 58. Р. Хайруллин. Практика представительства интересов государства в суде.  
 62. Приказ Генерального прокурора по итогам смотра-конкурса.  
 64. Т. Булименко: «Работаю по призванию».  
 67. Қ. Мусин.: «Жаңа Қылмыс кодексін қабылдау керек».  
 70. У. Касенов. Внешняя политика Казахстана как евроазиатского государства.  
 75. В. Рот. ИТУ: Испытание на прочность?  
 78. Н. Муфтах. Подозревается в совершении...  
 83. Б. Айсынов. Малсыз күнің не болады, жұртым-ау?  
 86. И. Комаров. Почему солдаты бегут из армии?  
 90. А. Нурманов. Мы помогаем тем, кто вас охраняет!  
 95. Осужден незаконно.  
 97. А. Мектеп-тегі. Қуғын - сүргін жылдары  
 103. Ж. Аупбаев. Моңғолиядағы қазақ генералы.  
 106. Пифагор - первый философ.  
 109. Қ. Тәліпов. Бір тал шаш. (Әңгіме).  
 119. Мәңгілік шырақтар.  
 122. С. Әжібаев. Насыбай мен темекі. (Мысал).  
 124. Заң сөздігі.  
 125. Новые назначения.  
 127. Как оформить документ?



Мақсұт  
 НӘРІКБАЕВ,  
 ҚАЗАҚСТАН  
 РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
 БАС ПРОКУРОРЫ



## ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы Кеңес Одағының жетпіс бес жылға жуық тарихында басты нысана, басты бағыт болған мемлекет мүддесін екінші кезекке шығарып, ең алдымен адамның, азаматтың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды бірінші кезекке қойды. Біздің елде азаматтың құқығы мен бостандығы заңмен қорғалады, заңда көзделген жағдайдан басқа реттерде оларды шектеуге, бұрмалауға ешкімнің құқығы жоқ.

Әрине, құқық болған жерде міндет те болуға тиіс. Мемлекет қоғам мүшелерінің құқығы мен бостандығын, заңды мүддесін қорғай және оған кепілдік бере отырып, азаматтардан заңды, қоғамдық тәртіпті, моральдық нормаларды орындауды, сақтауды талап

етуе құқылы. Бірақ азаматтар өз міндетін жете біле ме деген сұрақ қойсақ, өкінішке орай, бұған толық сеніммен "біледі" деп айта алмаймыз. Кез келген жерде "менің құқығыма қол сұғылды, құқығым бұрмаланды, еркіме қол сұғуға құқығыңыз жоқ" деген сөздерді жиі естиміз, ал "мен мемлекет меншігін сақтауға, қоғамдық игілікті бүлдірмеуге міндеттімін" дегенді сирек кездестіреміз.

Мен сот органдарында біраз жыл жұмыс істедім. Сонда қылмыстық әрекеті үшін айыпталып, сот алдына келген көп адамның "мұны істеуге болмайтынын білген жоқпын", немесе "мас күйінде тәртіп бұзушылық жауапкершілікті ауырлатады дегенді бірінші естіп тұрмын" дегенін талай естідім. Мұндай ақталу



әрекетін әріптестерімнің барлығы дерлік естігеніне күмәнім жоқ. Бұл нені көрсетеді? Ең алдымен құқықтық сауатсыздығымызды, құқығымыз бен міндетіміздің шеңберін айқын түсіне білмейтінімізді, аңғармайтынымызды көрсетсе керек. Ал оның орнын толтыру үшін, заң талаптарын, өз міндетін білмегені салдарынан жазаға тартылып жатқандардың қатарын азайту үшін не істеуіміз керек? Тәрбиелеу қажет деп жауап береді екінің бірі. Сол тәрбие өз дәрежесінде, талапқа сай деуге болмайды.

Азаматтарға құқықтық тәрбие беру проблемасы бұрыннан бар екені баршаға белгілі. Осыдан жиырмаотыз жыл, тіпті одан да бұрын азаматтардың құқықтық сауатын ашу, тәрбие беру мәселесі өткір қойылып жүрді. Прокурорлар мен судьялар құқық қорғау органдарының лауазым иелері еңбек ұжымдарында тұрақты болып, құқық тақырыбына лекция оқуға, әңгіме өткізуге міндетті болды. Талай семинарлар, лекторийлар ұйымдастырылды. Қоғамдық негіздегі құқықтық университеттердің дипломын алып шыққандар да аз емес. Кейінгі жылдарда мектептерде "Құқық" тақырыбы өте бастады. Алайда, осылардың

көпшілігі науқаншылдықтан арыла алмады, тереңдік болмады, "бағушысы көптің баласы соқыр" дегендей, тікелей жауап беруші болмағандықтан, жұмыс жалпылама жүргендіктен, нәтиже тексерілмегендіктен құқықтық тәрбиенің аты ғана болды да, заты болмады. Қоғамда заңның бұрмалану себептерінің бірі осында жатқаны даусыз.

Құқық қорғау мәселесінің басы ашық: азаматтардың құқығын қорғаумен, оның бұрмалануына жол бермеумен айналысатын тиісті органдар бар. Солардың бірі - прокуратура органдары. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" заңдық күші бар Жарлығына сәйкес прокуратура органдарына ең алдымен адамның, азаматтардың құқығы мен бостандығына нұқсан келмеуін қадағалау, заңдық тұлға мен мемлекеттің мүддесін қорғау, қабылданған заңдар мен құқықтық актілердің Конституция мен қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмеуін жүзеге асыру жүктеліп отыр. Құқықтық мемлекет құру барысында биліктің үш тармағының бірі ретінде соттардың қоғамдағы орнын айқындау және азаматтардың құқығы мен бос-

тандығына байланысты мәселелердің бәрін шешуің қамтамасыз ету міндеті және тұр.

Ал құқықтық тәрбиенің орны да, оны жүзеге асырудың жолы да өз алдына бір мәселе. Жалпы тәрбие сәби дүниеге келген күннен басталады деген қағида бар. Құқықтық тәрбиеге келетін болсақ, ол балабақшадан басталып, мектепте жалғасын табу керек. Балабақшада құқықтық тәрбиенің, заңды құрметтеудің әліппесі басталса, мектепте ол тереңдеп, заң нормалары әрбір жасөспірімнің қанына сіңуіне күш салуға тиіспіз. Әрине, сонымен бірге құқық тәрбиесін насихаттауға, адам бойына сіңіруге баспасөздің, басқа да ақпарат құралдарының қосатын үлесі мол екенін айтуымыз керек. Бүгін таңда сол талап орындалып отыр ма?

Рас, баспасөзде де, теледидар мен радиода да қылмысқа қарсы жүргізіліп жатқан шаралар аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ. Алайда, оған көңіл толмайтынын баса айтуымыз керек. Өйткені, жасалған қылмысты жалаң көрсету, жалаң баяндау басым. Азаматтарды одан сақтандыру үшін бұл жеткіліксіз екені өз алдына, кейбір жағдайда қылмыстылықтың жайын бұлай көрсету кері нәтиже

беретіні де сөзсіз. Табиғатында тәртіпті қолдайтын да сақтайтын, заңды өмірлік мұратына айналдырған адам көшеде көрген тәртіпсіздік пен бейбастақтықтан бойын аулақ ұстайды, баспасөзде жазылып, теледидарда бейнеленген келеңсіз көрініске жиіркене қарайды, ондайға өзі де бармайды, жақын-жаранына да ақыл-кеңес береді, өсиет қалдырады. Ал осы арсыздық пен қылмыстық әрекетке бейім, икем тұратын адам үшін ақпарат құралдарында егжей-тегжейлі баяндалған заңсыз әрекет сызып берілген жоспардай, бағдарламадай әсер етеді. Сондықтан қандай да қылмыстық оқиға ақпарат құралдарында жалаң көрсетілмей, оқырман мен көрермен көңіліне ой салардай түсінікпен, авторлық пайымдаумен берілгені жөн деп ойлаймын.

Еңбек жолымның ба-сында журналистікпен айналысқаным бар, оның үстіне ұзақ мерзім прокуратура, сот, әділет және адвокатура органдарында еңбек етіп жүріп, заңдылық мәселесі туралы үнемі баспасөзде, радио мен теледидарда сөйледім, қолдан келгенінше халықтың құқықтық сауатын ашуды азаматтық міндетім деп санадым. Республикалық теледидарда



бірнеше жыл "Адам және заң" тақырыбында хабар жүргізгенімді көрермендер ұмытпаған да шығар. Міне, біріншіден, баспасөз бен ақпарат құралдарына жақын жүргендіктен, екіншіден, тәуелсіздік пен егемендікке ие болған еліміздегі заңдылықтың сақталу жайы, қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың қаулап өсуі алаңдатқандықтан Бас прокуратураның жеке басылымын шығаруға бел байлады.

Недіктен басылымды "Заң және заман" деп атап отырмыз? Қазақта ежелден қалыптасқан "Заң түзелмей, заман түзелмейді" деген сөз бар. Заңды заман туғызады, ал заң заманды түзейді. Заман түзеліп, қоғамның әрбір мүшесі заңды өмірлік мұратқа айналдыру үшін оны насихаттау керек, сонымен қатар заңдылықты жүзеге асырып жатқан органдардың жұмысын көпшілік біліп отыратындай жариялылық жағдайын жасау керек. Жаңа басылым - "Заң және заман" журналы осы жүкті арқалайды деген үміт бар. Журналда прокуратура органдарының қадағалау жұмысы ғана емес, басқару органдарының заң талаптарын қалай басшылыққа алатыны, соттардың әділеттілікті жүзеге асыруы, жедел іздестіру, тергеу орындарында

қылмысқа қарсы күресті қалай ұйымдастырып отырғаны кеңінен жазылуға тиіс. Практикалық шаралармен бірге заңды жетілдірудің теориялық мәселелері де ұмыт қалмайды. Осының бәрі құқық қорғау мен құқықтық тәрбиені пәрменді жүргізуге өз үлесін қосады деп ойлаймыз.

Жалпы құқықтық басылым көбейген сайын халықтың құқық мәселесінен хабардар болуы, демек заңдылықты сақтауға мүдделілігінің артуы жақсарады. Сондықтан да біз осындай басылымдардың көбейе түскенін қолдаймыз. Қазір үш облыстық прокуратура - Көкшетау, Қызылорда және Атырау облыстық прокуратуралары қазіргі қиындыққа қарамастан өздерінің газеттерін шығаруды қолға алып отыр. Бір орталықтан қоғамдық-саяси құқықтық журнал шығып жатқанда жергілікті газеттердің қажеті қанша деген де пікір тууы мүмкін. Олар бір-біріне кедергі келтірмейтінін, қайта бірін бірі толықтыра түсетінін айту керек. Құқықтық басылымдар көбейе түскен сайын құқықтық тәрбие де пәрменді болатынына сенімдіміз.

## РАСПОРЯЖЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

### О ЗАМЕСТИТЕЛЯХ ГЕНЕРАЛЬНОГО ПРОКУРОРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

#### 1. Назначить:

**КОНСТАНТИНОВА**

Анатолия Васильевича первым заместителем Генерального прокурора Республики Казахстан;

**БАХТЫБАЕВА**

Ильяса Жакипбековича заместителем Генерального прокурора Республики Казахстан;

**ЕЛЮБАЕВА**

Жумагельды Сакеновича заместителем Генерального прокурора Республики Казахстан;

**СЕМБИНА**

Болата Ажакаевича заместителем Генерального прокурора Республики Казахстан;

#### 2. Освободить:

**УТИБАЕВА**

Гарифуллу Курмангожаевича от должности заместителя Генерального прокурора Республики Казахстан в связи с переходом на другую работу.

**Президент Республики Казахстан  
Н. НАЗАРБАЕВ.**

Алматы. 17 Апреля 1996 года.





Салык  
ЗИМАНОВ,  
академик  
Национальной  
Академии  
наук  
Республики  
Казахстан

## ЗАКОННОСТЬ

### — ЭТО СЕГОДНЯ ПРОБЛЕМА НОМЕР ОДИН

Президент и Президентская власть, Генеральный прокурор и Прокуратура Республики в соответствии с Конституцией являются высшим и высоким должностными лицами и учреждениями, несущими главную ответственность за обеспечение законности в государстве. На прокуратуру возложено осуществление высшего надзора за адекватным применением Закона и нормативных правовых актов на всей территории республики. Более того, Президент Республики свою миссию обеспечения незыблемости Конституции, прав и свобод человека и гражданина в значительной мере реализует через органы прокуратуры. Необходимость появления своего печатного издания диктуется масштабностью задач органов прокуратуры и сложностью ситуации в стране, в условиях которой приходится ей работать. Учреждение журнала свидетельствует о намерении руководства прокуратуры Республики расширить информационное поле по проблемам законности и мобилизации усилий кадров по ее обеспечению.

Направленность и целевые установки журнала, безусловно, будут определяться основными задачами, решаемыми республикой на современном этапе ее развития и вытекающей из них ролью прокуратуры.

Суверенное развитие Казахстана происходит трудно. Помимо глубокого экономического кризиса время от времени происходят то парламентский кризис (дважды рас-

пущенный Парламент), то Конституционный кризис (принятие за 2,5 года двух Конституций, упразднение Конституционного суда). В течение 1995 - начале 1996 годов проведена значительная реорганизация распределения функции между тремя основными ветвями государственной власти - законодательной, исполнительной и судебной, в результате которой доминирующей в системе политических отношений стала Президентско-Правительственная власть. Реорганизация самым серьезным образом коснулась и системы правоохранительных органов. Все это свидетельствует о тяжелом пути преобразований, происходящих в Казахстане.

Острейшими и нерешенными сегодня остаются проблемы законности и борьбы с преступностью. Горько, но приходится признавать, что в этих областях существуют беспредел и запущенность и проявляются они на всех уровнях общественно-политических структур и жизни. Мафиозные группы, пользуясь неэффективностью работы правоохранительных и других госорганов, обнагдели настолько, что довольно успешно проводят свои "реформы" по районированию и определению зон действия каждой из преступных групп.

Сегодня трудно ответить на вопрос: стала ли наша жизнь спокойнее и безопаснее в связи с правовой реформой, проводимой в Республике вот уже в течении трех лет. Нет слов, в принципе такая реформа была нужна. Однако, приходится с большим сомнением оценивать ее структуриализацию, методы и модели осуществления. Во всяком случае заметного сдвига в оздоровлении правового климата и законности в обществе не ощущается.

В этих исторических условиях чрезвычайно возвышенна и ответственна функция прокуратуры и ее органов. Реальность такова, что пороки госчиновников переходного периода не обошли стороной и работников прокуратуры. Обновление стиля и содержания деятельности прокуратуры, борьба за компетентность и добропорядочность ее кадров также ждут своего решения.

Законность - это проблема номер один и от нее зависит во многом дальнейшая судьба реформы, проводимой в нашей Республике.

Появление журнала "Закон и время" - издания прокуратуры Республики является своевременным и надеюсь, что это издание будет служить сложной и благородной задаче укрепления авторитета законности в стране.



# ОТЧЕТ

## ГЕНЕРАЛЬНОГО ПРОКУРОРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАРИКБАЕВА М.С. О СОСТОЯНИИ ЗАКОННОСТИ В СТРАНЕ В I КВАРТАЛЕ 1996 ГОДА

*12 апреля 1996 года на очередном совещании у Президента Республики Казахстан по вопросам борьбы с преступностью впервые в истории Казахстана Генеральным прокурором был представлен отчет о состоянии законности в стране, заслушиваемый Главой государства в соответствии со ст. 13 Закона "О Президенте Республики Казахстан".*

*Ниже мы предлагаем вниманию наших читателей полный текст отчета.*

Сознавая в полной мере повышенную ответственность перед государством и обществом, в соответствии с новым статусом и новыми задачами, вытекающими из Конституции и Закона "О Прокуратуре Республики Казахстан", нами на сегодня выработаны приоритетные направления прокурорского надзора на ближайший период, определен механизм их осуществления, реализация которых призвана в корне преобразовать систему прокуратуры из органа государственного обвинения в орган защиты Конституции и Законов.

Завершена работа по реорганизации структуры аппарата Генеральной прокуратуры. Применительно к новым задачам образованы структурные подразделения по надзору за соблюдением прав и свобод человека и гражданина, за законностью оперативно-розыскной деятельности, административного, исполнительного производства и другие, в которых раньше не было необходимости.

За счет сокращения штатной численности воссозданы Алматинская, Целинная и Западно-Казах-

станская транспортные прокуратуры со статусом областных. Проводится работа по пересмотру структуры управленческих аппаратов облпрокуратур с проработкой вопроса о возможности передачи части их штатов в городские и районные звенья.

Приводится в соответствие с новыми направлениями деятельности статистическая отчетность, в основу которой положено достижение конкретных результатов по устранению нарушений законности. Создан Центр правовой информации, учрежден ведомственный журнал "Заң және заман", 1-й номер которого намереваемся выпустить в мае. Проведены инспекторские проверки в прокуратурах Атырауской, Северо-Казахстанской и Южно-Казахстанской областей, работа которых вызвала серьезные нарекания. Результаты рассмотрены на заседании коллегии, приняты меры по обновлению их руководящего состава.

Все эти организационно-кадровые меры приняты для реализации конституционных задач, возложенных на органы прокуратуры. Для чего в отчетном периоде органами прокуратуры выявлено 15,6 тыс. нарушений закона и незаконных право-

вых актов. Для их устранения внесено 11,5 тыс. протестов, представлений и предписаний. Отменено и изменено 390 нормативных актов местных органов власти и управления, восстановлены нарушенные права 3,3 тыс. граждан. По документам прокурорского реагирования привлечено к дисциплинарной, административной, материальной ответственности около 4 тыс. должностных лиц. Возмещен причиненный материальный ущерб на сумму 1,9 млрд. тенге и 33 тыс. долларов США, возбуждено 334 уголовных дела.

Особое внимание уделялось укреплению законности в сфере экономики, применению законов министерствами и ведомствами, контролирующими органами.

Анализ состояния законности в сфере соблюдения налогового законодательства свидетельствует о ее крайне неудовлетворительном положении. В первую очередь - это нарушения законности, допускаемые самими государственными органами, призванными обеспечить контроль за своевременностью и полнотой пополнения государственного бюджета. Руководством Минфина, Главной налоговой инспекции и Таможенного комитета в течение 1993-1995 г.г.,



в нарушение требований налогового законодательства и Указов Президента Республики Казахстан, запрещающих практику индивидуального предоставления льгот по уплате налогов и таможенных платежей, систематически производились необоснованные освобождения и отсрочки от уплаты налогов, таможенных пошлин, акцизов и штрафных санкций. Причиненный при этом государству ущерб исчисляется миллиардами тенге.

Лишь в прошедшем году в результате освобождения хозяйствующих субъектов от уплаты таможенных платежей в бюджет республики не поступило около 1,5 млрд.тенге, а недоимки бюджета по доходам и налогам выросли в два раза и на начало года составили более 16 млрд. тенге.

Только в результате принятия незаконного акта - пункта 2 Постановления Правительства от 10.08.95 г. "Об отмене санкций (штрафов и пени), предусмотренных за нарушение налогового законодательства" освобождено от уплаты штрафов и пени 90 тыс.предприятий, из-за чего потери бюджета составили 25,8 млрд. тенге, тогда как по Указу Президента от 08.08.95 г. освобождению подлежали 490 пред-

приятий на сумму всего 50 млн.тенге.

Это Постановление в части, противоречащей основному акту, мною было опротестовано, однако протест Правительством необоснованно отклонен. На основании этого мы намерены перенести спорный вопрос в суд.

Имеются факты нарушения требований налогового законодательства не только со стороны налогоплательщиков, но и самих налоговых служб. С каком контроле за правильностью исчисления, полнотой и своевременностью уплаты налогов может идти речь, когда сами налоговые органы уклоняются от их уплаты, как это произошло в Кызылординской области, где областная налоговая инспекция уклонилась от уплаты подоходного налога на сумму 160 тыс. тенге.

Для устранения выявленных нарушений законов органами прокуратуры внесено 448 актов прокурорского надзора, привлечено к различным видам ответственности свыше 200 человек, опротестовано 232 незаконных правовых акта. Приняты меры по взысканию в бюджет государства более полумиллиарда тенге и возбуждено 10 уголовных дел.

Особую тревогу вызывают нарушения законности, допускаемые при привлечении и использовании иностранных кредитов, полученных под гарантии Правительства.

Анализ кредитных соглашений с иностранными партнерами показал, что многие из них принимались без участия уполномоченных государственных органов, проведения экспертизы финансируемых проектов, определения источников их погашения, учета интересов и реальных возможностей республики по выполнению принимаемых платежных обязательств. Банками зачастую не заключались кредитные договоры с предприятиями, непосредственно получившими кредиты, не открывались ссудные счета, не требовалось залоговое имущество. Правительством допускался директивно-распорядительный метод освоения кредитов, оказавший негативное воздействие на вопросы обеспечения их погашения. В результате чего сложилось крайне неудовлетворительное положение с погашением иностранных кредитов. Уже сегодня из бюджета на эти цели отвлечены миллионы долларов США.

Для устранения указанных нарушений законов и

возмещения государству причиненного ущерба прокурорами внесено предписаний и предъявлено исков на сумму 28,3 млн.долларов США и 12,3 млн.дойчмарок, возбуждено 4 уголовных дела.

Серьезные нарушения законности продолжают иметь место во внешнеэкономической деятельности. Только за 1 квартал текущего года в этой отрасли выявлено около 300 нарушений законов, таких как несоблюдение установленного порядка экспорта и импорта товаров, вывоз стратегического сырья по подложным документам контрабандным путем. Эти и другие нарушения во внешнеэкономической деятельности причиняют невосполнимый ущерб экономическому потенциалу нашего государства, исчисляемый миллионами долларов.

Выявлены массовые факты хищнического разграбления, уничтожения дорогостоящего технологического оборудования, железных дорог, линий электропередач, оросительных систем, которые под видом металлургического лома вывозятся за границу. Во избежание привлечения к установленной законом ответственности по подложным документам создаются всевозможные



фирмы, так называемые "поглавки-однодневки", зарегистрированные на несуществующих гражданах, и которые невозможно найти при проверках законности их финансово-хозяйственной деятельности.

Например, только фирмами "БРИГ" и "ФРЕГАТ", зарегистрированными по подложным документам, незаконно вывезены в Китай металлические части оросительных систем общим весом 197 тонн, прокат холоднокатанный в рулонах и листах весом 1221 тонна и 2192 электродвигателя, всего на общую сумму 772,5 тыс. долларов. Таких фактов можно привести множество. Только в текущем году за нарушение законодательства о внешнеэкономической деятельности нами возбуждено 25 уголовных дел.

Серьезную озабоченность вызывает отношение Государственного комитета по управлению государственным имуществом и соответствующих министерств и ведомств к деятельности государственных акционерных и холдинговых компаний.

При проверке НАК "КАТЭП", например, выявлены факты отвлечения значительных денежных средств на предоставление незаконных кредитов, оказания финансовой помощи и

формирования уставных фондов коммерческих структур, использования валютной выручки не по назначению, сокрытия от налогообложения прибыли, нецелевого использования фонда заработной платы. По этим нарушениям Генеральной прокуратурой внесены представления в Правительство, Государственный комитет по управлению госимуществом и Министерство энергетики и угольной промышленности. В Главную налоговую инспекцию внесено предписание о взыскании с "КАТЭП" более 5,7 млн.тенге в доход государства.

Серьезные нарушения допускаются в применении законодательства о разгосударствлении и приватизации в сельском хозяйстве. При попустительстве государственных органов по управлению госимуществом и приватизации зачастую не соблюдаются права трудовых коллективов в выборе форм хозяйствования, гарантированности получения каждым их членом своей доли в приватизируемом имуществе, использования его для сельскохозяйственного производства. Не контролируется фактическое поступление денежных средств от приватизации, занижается стоимость приватизируемых объектов. Территориальными комитетами игнорируют

ся требования закона о том, что учреждения народного образования, здравоохранения и культуры государственных сельскохозяйственных предприятий приватизации не подлежат. Неединичны факты, когда руководители государственных сельскохозяйственных предприятий расхищают и разбазаривают государственное имущество и сельскохозяйственную технику, а теркомы их наличие не проверяют и вопрос об ответственности таких руководителей своевременно не ставят.

По этим фактам на местах были приняты соответствующие меры, а Генеральной прокуратурой Государственным комитетам по управлению госимуществом и по приватизации предложено устранить выявленные нарушения законности, причины и условия, им способствующие.

Бедственное положение пенсионеров и других малоимущих слоев заставило нас вплотную заняться этой проблемой. Прокурорские проверки показали, что нарушения пенсионного законодательства в этой сфере приобрели массовый характер, а Министерство социальной защиты населения своей деятельностью напоминает органы статистики, занимающиеся лишь сбором и обра-

боткой информации. В Министерстве нет даже точных сведений о количестве плательщиков страховых взносов в Пенсионный фонд, разница в которых с данными налоговой инспекции составляет более 30 тыс.единиц. Хотя в течение квартала мерами прокурорского реагирования в Пенсионный фонд взыскано более 800 млн.тенге, задолженность перед фондом на 01.04.96 г. составляет 34 млрд.тенге.

Как было отмечено в предыдущих докладах моих коллег, в республике зарегистрировано снижение преступности на 14,8%. Этот, хотя и незначительный успех, мы рассматриваем, прежде всего, как результат важнейших мероприятий, проведенных за последнее время по исполнению Указов Президента Республики Казахстан по укреплению законности и правопорядка, принятия мер по улучшению деятельности правоохранительных и судебных органов. Однако криминальная обстановка продолжает оставаться сложной, массовый размах приобрели особо опасные виды преступлений.

Одной из причин такого положения, к сожалению, являются серьезные недостатки в деятельности органов, призванных бороться с этим злом, особенно в обес-



печении принципа неотвратимости наказания. Раскрываемость тяжких преступлений, например, составила лишь 48% против 53% в прошлом году. Причем продолжают иметь место неединичные факты искажения органами ГСК данных о раскрываемости и количестве совершенных преступлений, что дает основание с сомнением относиться к некоторому улучшению общей их раскрываемости и сокращению преступности. Прокурорами выявлено и поставлено на учет 1120 ранее не зарегистрированных преступлений, в том числе 602 по линии ГСК. В связи с этим прокурорам областей поручено разобрататься с фактическим состоянием дел, продолжать решительную борьбу с приукрашиванием действительного положения, виновных привлекать к строгой ответственности вплоть до предания суду.

По нашему мнению, наведению порядка в этом деле способствовало бы скорейшее принятие новой Инструкции об едином учете преступлений с сохранением за прокурором контрольной функции за обоснованностью данных, отражаемых в регистрационных документах. Проект Инструкции, разработанный по нашей инициативе, сейчас находит-

ся на согласовании в соответствующих ведомствах.

Важное значение в борьбе с преступностью принадлежит профилактике, внимание к которой постепенно стало ослабевать как со стороны органов, ведущих борьбу с преступностью, так и государственных структур.

Взять, например, вопрос о подростковой преступности, которая по отчетным данным сократилась. Однако проведенный нами анализ показал, что в этом деле допускаются серьезные просчеты и недоработки. Подростками совершено 2200 преступлений. Чего стоит сокращение детской преступности в Карагандинской области на 19%, если по итогам истекшего года она возросла почти на четверть. Причина здесь в том, что этим вопросом в области практически заниматься некому. Акимом области не создана даже комиссия по делам несовершеннолетних. Аналогичное положение и во многих других регионах. Устарела законодательная база, регламентирующая работу комиссий и инспекций по делам несовершеннолетних. Все это - результат того, что на республиканском уровне нет органа, контролирующего и координирующего их деятельность.

Новое поколение - наше будущее. Видимо назрела необходимость разработки на правительственном уровне государственной Программы поддержки детских и молодежных объединений.

До настоящего времени не ведется должной борьбы с организованной преступностью. В органах, призванных бороться с этой напастью, нет даже единых сведений о преступных группировках. Оперативно-розыскная работа проводится нецеленаправленно, проявляется робость и нерешительность перед лидерами криминальных сообществ, вся активность сведена в основном к рапортам о наблюдении за ними.

Начало функционирования ГСК не оказало пока положительного влияния на улучшение состояния следствия. Хотя сокращение преступлений привело к уменьшению количества уголовных дел, принятых следователями к производству, показатели следственной работы значительно ухудшились. За отчетный период на дополнительное расследование возвращено 13% дел, с нарушением установленного законом двухмесячного срока окончено 19%. Не лучшим образом обстоит дело с состоянием следствия в органах КНБ, которыми с на-

рушением срока окончено 80% дел.

Несмотря на принимаемые меры, продолжают иметь место многочисленные нарушения прав и свобод человека и гражданина в ходе дознания и следствия, факты необоснованных задержаний и содержания людей под стражей. За неподтверждением подозрения прокурорами освобождено 268 задержанных, за отсутствием необходимости ареста 236. Следователями незаконно привлечено к уголовной ответственности 108 человек, из них 57 содержались под стражей. По состоянию на 01.04.96 г. в следственных изоляторах с нарушением срока находилось 700 арестованных, числящихся за следственными органами.

Тысячи преступников из-за незаконных действий следователей продолжают иметь возможность находиться на свободе и творить свои дела. Только прокурорами за отчетный период отменены незаконные постановления следователей: о прекращении уголовных дел - 849, о приостановлении - 1702, об отказе в возбуждении уголовного дела - 997.

Предвидя такое положение дел, Генеральная прокуратура ориентировала прокуроров на усиление надзора



за следствием в органах ГСК и КНБ, дознанием в МВД и других органах. В отчетный период прокурорами по результатам проверок в эти органы внесено 1283 представления, дано 4760 письменных указаний.

Следует отметить, что предоставленные органам ГСК статьей 121-1 УПК полномочия не оказали существенного влияния на состояние следствия. Ими отменено незаконных постановлений следователей об отказе в возбуждении уголовных дел, прекращения и приостановлении производства в 12 раз меньше, чем прокурорами. Спрашивается, где находились начальники следственных подразделений, которым переданы прокурорские полномочия.

Мне пришлось привести эти данные, чтобы еще раз обратить внимание на допущенную серьезную ошибку при принятии указанной правовой нормы, которой проведен знак равенства между надзорной функцией прокуратуры и контрольной ГСК, а делать этого ни при каких условиях нельзя. Хотя бы потому, что, как справедливо говорят в народе, "ворон ворону глаз не выклюет".

Важнейшей конституционной обязанностью прокуроров является представи-

тельство интересов государства в суде по уголовным, гражданским и хозяйственным делам. Заметно активизируя эту работу, прокуроры поддержали обвинение в судах первой инстанции по 10 тыс. уголовных дел, что составляет 62% от числа рассмотренных, приняли участие в рассмотрении 6 тыс. гражданских и хозяйственных дел. Судами удовлетворено почти 2,4 тыс. исков прокуроров по гражданским делам на 66,6 млн. тенге, 142 - по хозяйственным на 4,9 млрд. тенге. По протестам прокуроров отменены и изменены 58% незаконных приговоров, 40% решений по гражданским и 89% по хозяйственным делам, что подтверждает наличие серьезных нарушений законности в осуществлении правосудия.

Принимаются меры к рассмотрению судами дел в установленные законом сроки. По нашей инициативе виновные в волоките судьи привлекаются к ответственности. Но проблема пока остается. В отдельных регионах почти каждое четвертое дело рассматривается с нарушением срока. Это привело к тому, что по состоянию на 01.04.96 г. в следственных изоляторах с нарушенными сроками находятся 1 тыс. арестованных, числящихся за судами.

Крайне сложная обстановка сохраняется в местах лишения свободы. В колониях содержится 74 тыс. человек при лимите 65. Такое же положение в следственных изоляторах, в которых не исполняются требования закона об элементарных санитарных условиях. Каждый шестой, отбывающий наказание, болен туберкулезом, из них 8 тыс. - активной формой. Смертность от этого заболевания среди осужденных превышает смертность от туберкулеза населения в 6 раз. Есть факты летальных исходов заключенных от истощения.

Проблема эта ставилась перед Правительством не только нами, но и Министерством внутренних дел неоднократно. Но нас беспокоит то, что ничего весомого пока не сделано.

Серьезную озабоченность вызывает состояние законности в Вооруженных Силах республики, особенно в вопросах обеспечения сохранности оружия, боеприпасов и взрывчатых веществ. Несмотря на принимаемые командованием меры, прокурорскими проверками продолжают выявляться факты нарушения режима их хранения, несения караульной службы, технической укреплённости и пожарной безопасности хранилищ. Не

обеспечивается в полной мере сохранность другого военного имущества.

Высоким остается уровень воинских преступлений, 70% которых составляет самовольное оставление места службы. Резко возросла преступность среди офицерского состава. Распространены неуставные взаимоотношения, казарменный мордобой, призыв на военную службу непригодных по состоянию здоровья молодых людей.

Для устранения этих и других нарушений военными прокурорами внесено 90 протестов и представлений, по их предписаниям и искам возмещен ущерб на сумму 4,4 млн. тенге, возбуждено 31 уголовное дело. Более подробная информация представлена мною секретарю Совета безопасности Турсунбаеву Б.

В заключение хотелось бы сказать, что в деятельности органов прокуратуры также имеется немало недостатков и упущений, которые мы осознаем и принимаем меры к их устранению. Убедительно заверяю Вас, Нурсултан Абишевич, что личный состав прокуратуры Республики своей практической деятельностью нацелен на бескомпромиссный надзор за законностью в стране.



## ПРОКУРОРЫ КАЗАХСТАНА

1. Алибеков Губайдулла

(после принятия в 1922 году "Положения о прокурорском надзоре" возглавил прокуратуру Казахстана. Он же исполнял и обязанности Народного комиссара юстиции республики)

2. Атаниязов Мурзагул Атаниязович  
(1933 - 1936 гг.)

3. Ескараев Сулеймен Ескараевич  
(1936 - 1937 гг.)

4. Таукеханов Шамухан  
(1937 - 1938 гг.)

5. Курпебаев Джунус Курпебаевич  
(1938 - 1939 гг.)

6. Баранов Игнат Андреевич  
1939 - 1944 гг.)

7. Мамутов Асаубай Мамутович  
(1944 - 1945 гг.)

8. Румянцев Константин Яковлевич  
(1945 - 1950 гг.)

9. Набатов Александр Аркадьевич  
(1950 - 1961 гг.)

10. Кудрявцев Петр Иванович  
(1961 - 1966 гг.)

11. Сейтов Утеген Сейтович  
(1966 - 1984 гг.)

12. Елемесов Галим Бажимович  
(1984 - 1990 гг.)

13. Туякбаев Жармахан Айтбаевич  
(1990 - 1995 гг.)

14. Нарикбаев Максут Султанович  
(с 1995 по н/в)



Қазақстанның  
бұрынғы  
прокуроры  
Өтеген  
СЕЙІТОВПЕН  
әңгіме

### ЕСКЕ АЛЫП ӨТКЕН ЖЫЛДАРДЫ

#### Өмірбаян беттерінен

Бірінші дәрежелі заң кеңесшісі Өтеген Сейітов он сегіз жыл бойы республикамыздың прокуроры болды. Ол 1923 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келді. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, үш рет жараланса да госпитальдан кейін майданға қайта оралды. Соғыстан кейін Оңтүстік Қазақстан облысының Келес, Сарыағаш аудандарында прокуратура тергеушісі /1945-1949 жж./, содан соң облыстық прокуратураның аға тергеушісі /1949-1951 жж./, ал 1951-1959 жылдары Қазақ КСР прокуратурасының бөлім прокуроры қызметтерін атқарды.

1959 жылы Алматы қаласындағы Совет ауданының прокуроры, 1961-1962 жылдары Алматы облысының прокуроры болып жұмыс істеді.

1962 жылы Қазақ КСР-нің прокурорының бірінші орынбасары, 1966 жылы Республика прокуроры болып тағайындалды. Ол зейнет демалысына шыққанға дейін, яғни 1984 жылға дейін осы қызметте болды.

Өтеген Сейітов соғыстағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі ерен еңбегі, заңдылықты бекіте түсірудегі үлесі үшін "Қызыл жұлдыз", бірінші дәрежелі "Отан соғысы", екі мәрте "Халықтар достығы" ордендерімен наградталды. Көптеген медальдар мен Жоғарғы Кеңес Төралқасының Құрмет Грамоталарының иегері. Бірнеше рет КСРО Бас прокуратурасының мадақтауына ие болды.

Ол "Республикаға еңбегі сіңген заңгер", "Прокуратураның құрметті қызметкері" атақтарын алған. Қазір зейнет демалысында.

Өтеген ағаның үйіне телефон шалдым. Бас прокуратураның журналы шығатынын айтып, өзіңізбен әңгімелесем деген ниетімді білдіргенімде, ол бәзбіреулердей бәлсінбей "сағат 3-те келе ғой" деді. Даусы жұмсақ естілді. Уәделі уақытта мен де жеттім. Келбетті, жылы жүзді, келісті келген Өтеген ағамыз жылы ұшырай қарсы алды. 40 жылдай прокуратура саласында жұмыс



істеген, оның ішінде 18 жыл бойы республика прокуратурасын басқарған адаммен әңгімелесіп отырмын. Бұғанасы қатып, буыны бекімеген жас кезінде әкесі Сейіт жазықсыз ұсталып кетіп, жетімдік пен жоқшылықты көп көріп өскен, кешегі сұрапыл соғыста от- жалыннан өткен оның өмір өткелдерінің әрқайсысы бір-бір дастан десе болғандай.

—Отызыншы жылдардағы жетім көңіл балалық шақ, одан беріректегі иығымызға бүтін киім кие алмай жүрген қайран бозбалалық, оқ пен оттың арасындағы жанкешті майдан, бейбіт кезең қызығы, жанұя бақыты, республикалық дәрежедегі қызметке көтерілуім, бәрі-бәрі менің өмір өткелдерім, — дейді аға әңгімесінде.

Ол әңгіме арасында өзінің жақында шыққан "Өмір өткелдерінде" деген кітабын көрсетіп, қолтаңбасын берді. Оның бірінші бетіне "Сүйікті жарым Рәбилә Дүйсенқызының рухына бағыштаймын" деп жазылыпты. Соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезде үйленіп, қырық екі жыл тату-тәтті өмір сүрген зайыбының өмірден өткеніне де алты жылдай уақыт болыпты.

Сонау қыркыншы жылдардың аяқ шенінде үйлескен кездеріндегі мына бір әңгімесі елдегі қиын жағдайдан хабар берсе керек.

— Рәбилә Алматыда оқитын, мен Сарыағашта тергешімін, үйлену тойымыз осында өтті. Өзім әп-әдемі киініп келген болатынмын, үстімде былғары тон, су жаңа костюм, жібек көйлек, былғары етік, бірақ оның бәрі кісінікі еді. "Алматыға киіп барып келейін" деп жолдас жігіттерден сұрап алғанмын. Сонымен Сарыағашта да шағын той өтті, одан кейін әркім өз киімін алып кетті ғой. "Тоналып" мен қалдым, үстіме баяғы әскери киімдерді қайта кидім. Оған Рәбилә таңғалсын. "Олардың алып кетіп жүргендері менікі емес, өздерінің киімдері, мен Алматыға барарда саған әдемі көріну үшін сұрап кигенмін" дедім. Сүйіп қосылған, сыйласып күн кешкен жарым Рәбилә 1990 жылы дүние салды. Жұбайым бес бала көтеріп, төртеуін тәрбиелеп өсірді. Рәбиләнің қазасынан кейін қайғы үстіне қайғы қосылып, үлкен қызым Нәзира қайтыс болды. Тағдырдың салғанына не дауа бар, көніп жатырмыз, қарағым.

Бір сәт жабығып қалғандай болған Өтекеннің немерелерін сұрағанымда, қайтадан серпіліп жадырап қалды, олардың аттарын, қайда оқитындарын айтып берді. Бәрі де "ата-ата" деп қаумалап жүреді. Бұл да бір бақыт.

Өтеген аға әңгімесінен оның үлкен жүректі адам екенін байқадым. Әлсіздерге, жазықсыз жапа шеккендерге жаны ашып талай қолұшын бергенін де білдім. Өмір бойы әділдікті ту еткеннің бірі де осы Өтеген аға. Тіпті қылмыскерлердің қылмысын әшкерлеп қана қоймай, олардың жанын түсінуге тырысқан оқиғаларда аз болмаған сияқты.

Өтеген Сейітұлының прокуратура қызметіне шыңдалып, кемеліне келуі елуінші, алпысыншы жылдардағы 37-нің құрбандарын ақтау кезімен тұспа-тұс келеді. Жұптап келген сауалдарымның бірі де осы болғандықтан сол кезеңнің естеліктерін айтып беруін өтіндім.

—Мен 37-нің дүрбелені мен қасіретін сол жылы Новоросей ауданында интернатта оқып жүргенде көрдім. НКВД кеңсесі тура қасымызда еді. Олар машинамен басында тұмағы, үстінде күпшісі бар ауыл қазақтарын әкеліп қамап жатады. Одан Ақтөбеге әкетеді. Байдәулетов деген ауданның екінші хатшысын, комсомол комитетінің хатшысын қамағанын білемін. Бірде сот болып жатқан клубқа бір топ бала бас сұқтық. Отырған отыз шақты адамның аты-жөнін біреу оқып шықты да "Атуға!" деп айқайлай сойледі. Сол кезде НКВД қызметкерлері нағандарын суырып алып, кісендерін салдырлатып орындарын атып тұрған тұтқындарды қамап алды. У-шу болды да кетті...

Сталиннің басты қатесі заңсыздыққа жол беріп, кінәсіздерді қырды. Репрессияның ызғары тимеген шаңырақ, сірә, аз шағыр. Тіпті саясаттан хабары жоқтар ұсталды. Бұл нәубет прокуратура қызметкерлерін де аз шарпыған жоқ. Республиканың алғашқы прокурорлары М.Атаниязов сотталып, С.Есқараев атылып кетті. Ал жазықсыз сотталғандарды ақтау кезінде істерінің бәрі қолымнан өтті десе болады. Айыптау қорытындылары әрі кеткенде 7-8 беттей ғана. Кінәлі адамның жауабы, "үштіктің" шешімінен басқа ештеңе жоқ. Ақтау кезінде прокуратурада арнайы бөлім болды. Адамдар жүздеп, мыңдап ақталды. Барлық істер қайта қаралды, оның соттан өтпей қайтарылғаны жоқ шығар. Барлық жерде комиссия құрылды. Сәкен, Илияс, Бейімбет, бірқатар обком хатшылары сол кезде ақталды. Облыстық партия комитетінің хатшыларының да түк жазығы жоқ еді. Айыптау құжаттарында "сендер елімізге қарсы ұйым құрдыңдар, Қазақстанды Жапонияға сатып жібермекшісіңдер" деген сияқты қисынсыз жалалар жабылған. Облыстық, аудандық партия, кеңес органдары басшылары ішінде қудаланбағандары қалмаған. Бұл зұлмат әдебиет пен өнер қайраткерлерін де қамтығаны белгілі. Сыншы М.Қаратаев 17 жыл жазықсыз жапа шекті. Сталиннің 37-ші жылы жүргізген саясаты біздің елге 1950-1951 жылдары қайта айналып соқты. 1954 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып келген П.К.Пономаренконы біреулер мақтайды, біреулер жамандайды. Қызмет істеген бір жарым жыл ішінде ол Қазақстан зиялыларына көп жәрдем берді. Жауапқа тартылмаса да қуғындалып жүрген Қ.Сәтпаев пен М.Әуезов өз салаларына алаңсыз жұмысқа кірісті. Пономаренко келгесін Қ.Сәтпаев академия президентілігіне тағайындалып, М.Әуезов ММУ-ден ҚазМУ-ға келіп профессор, кафедра меңгерушісі болды.



- Жоқ, - дедім мен Зардыхан ағаның мына әңгімесіне таңырқай тіл қатып. - Ол кім?



Танысымыздың сөзіне қарағанда Моңғолияда қазақ генералының аты-жөні С.Зайсанов болып шықты. Бұл кісі осы ғасырымыздың басында қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Зайсан өңірінде өмірге келіп, 9-10 жасында татар саудагерлерімен бірге арғы бетке өтеді. Керуен елге қайта оралар кезде жас бала қожайындарынан көз жазып қалады да сондағы бір ауылды паналап күн көреді. Жиырмасыншы жылдардың ортасында Моңғолияда халықтық үкімет орнағаны бәрімізге жақсы белгілі. Міне, сол мезетте С. Зайсанов атты жеткіншек Қобдадағы қазақ мектебінде бастауыш білім алып, ел астанасы Улан-Баторға келеді. Осы жерде өзінің зеректігімен көзге түседі де көп кешікпей жергілікті үкімет оны Кеңестер Одағына оқуға жібереді. С.Зайсанов КСРО-да жүріп әскери ұшқыштар училищесін, содан кейін оның жоғарғы курсы бітіреді. Осы кезде Моңғолияда әйгілі Халхин-Гол оқиғасы басталған еді. С.Зайсанов 1939 жылғы сол шайқаста әскери тәжірибесінің молдығымен, ұшу кезіндегі асқан шеберлігімен көзге түсіп, жапондардың талай ұшқыштарын жер қаптырады. Ол 1941 жылы Кеңестер Одағындағы Ұлы Отан соғысы басталғанда жергілікті үкіметтен сонда баруға қатты қиылып сұранады. Бірақ маршал Чойбалсан: "Сен бізге керексің", - деп жібермейді. Кейін С.Зайсанов Моңғолия Әуе Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы болып тағайындалып, генерал-майор лауазымын иеленеді.

Әуе қыраны осы бір ержүрек қазақ кезінде Моңғолияның батысынан шабуыл жасаған Гоминдан әскерлеріне де қырғидай тиіп, тәубесін алдына келтірген. 1943 жылғы 10 қазанда мынадай оқиға болады. Жергілікті үкіметтің кезекті бір қоқан-лоқысына шыдай алмаған Баян-Өлгей қазақтарының үлкен бөлігі Шыңжаңға қарай босады. Сонда моңғол басшылары көштің алдын бомбылап тоқтатуға С.Зайсановты жұмсайды. Бірақ ол бұл тапсырманы орындаудан үзілді-кесілді бас тартады. Осыдан кейін үкімет оған салқын көзбен қарай бастаған сияқты. Бұлай дейтініміз, өзіміз сөз етіп отырған даңқты ұшқыш қазаққа Батыр атағын

беруге әр кездері талай ұсыныстар жасалғанымен, қаһарман әуе қыраны оған іліге алмай-ақ қойған.

Генерал С.Зайсанов жер ортасы жасқа жеткенде жанжалғыздығынан жәбір көрген болуы керек, 50-ші жылдардың ортасында бас қалқа іздеп кеңестік Қазақстанға келіпті. Бірақ ол кезде Мәскеуде тұратын Шәкір Жексенбаевтан басқа бірде-бір генералы жоқ атамекенге оның "басы сыймапты". Туған жердегі бишіген бастықтар оны суық, енжар қабылдап, шығарып салма жауаптармен шаршатқан. Содан кейін ол бәрінен де түңіліп, жылай-жылай кері қайтқан.

— 1964 жылы еді, - дейді жоғарыдағы жәйттерді баяндаған Зардыхан аға сәл ойланып. — Улан-Баторда оқитын біз екі студент генерал С.Зайсанов туралы мақала жазуға бел буып, ол кісімен жолығу үшін үйіне іздеп барғанымыз есімде. Өзге ұлттан әйелі бар екен, табалдырығынан аттатпады. "Ол сендерге соншалық қажет болса, әскери госпитальда өлгелі жатыр. Сонда барыңдар," - деді дерекі үнмен. Жүрегіміз қан жылаған біз ауруханаға қарай құстай ұштық. Генералдың сөйлеуге шамасы жоқ, тек жанарына жас алатын ғана халде жатыр екен. Басы-қасында не туысынан, не жан-ұясынан ешкім жоқ. Жарықтық ауруханадағы медбикенің қолына ғана қарап қалыпты. Тағдырдың тәлкегі-ай десеңші... Бұл адам Моңғолияның кешегі әуе Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы, даңқты генерал С.Зайсанов дегеннен еш елес жоқ. Қазақтың бір қатқан қара шалы... Біз осы кездесуден кейін газетке "Әуе қыраны" атты деректі очерк жазып бастырғанымыз бар.

Зардыхан ағаның айтуынша Моңғолияда қазақ генералы С.Зайсанов 1965 жылы қайтыс болған. Қазір бұл есімді білетіндер өте аз. Есіл азаматтың аты ұмтылуға жақын десе де болғандай... Қандай өкінішті десеңізші...

Жанболат АУПБАЕВ,  
"Ақиқат" журналы  
бас редакторының  
бірінші орынбасары.

Алматы.



## ПИФАГОР - ПЕРВЫЙ ФИЛОСОФ

Самый знаменитый из известных философов - Пифагор, родился между 600-590 г.г. до Р.Х. и прожил до ста лет. Богатое духовное наследие Пифагора свидетельствует о том, что он был превосходно знаком с содержанием восточных и западных эзотерических школ.

Говорят, Пифагор был первым человеком, который ввел в обращение понятие философ, назвав себя таковым. Таким образом, мир обязан именно ему этим термином. До него умные люди называли себя мудрецами, что означало: человек, который многое знает. Пифагор был, однако, скромнее. Употребляемый им термин означал человека, пытающегося понять суть вещей.

Пифагор был учеником Ферекидеса и Гермодаса и уже в юности приобрел известность за ясность своих философских концепций. Он был рослым человеком, рост его составлял около шести футов, и сложен был как Аполлон. Пифагор являлся олицетворением величия и силы и в его присутствии люди чувствовали себя смиренными и робкими.

По мере того, как он становился пожилым, его физические силы отнюдь не убывали, и даже достигнув столетия, он был полон жизни. Ученики никогда не произносили его имени, а говорили "Мастер" или "Этот человек".

Пифагор, как впрочем и многие его современники, практиковал гадание, однако точной информации об использованных им методов не имеется. У него, как говорили, было некое замечательное колесо фортуны, с помощью которого можно было предсказать будущие и весьма отдаленные события. Вполне вероятно, что Пифагор обладал гипнотической властью не только над людьми, но и над животными. По слухам, он мог заставить птиц изменить направление полета, медведя - прекратить набег на жилища, а быка поменять пищу и все это - чисто умственным усилием. Кроме того, Пифагор имел дар второго зрения, будучи способным видеть вещи на большом удалении и точно описывать события, которые еще не произошли.

## Символические афоризмы Пифагора.

Некогда было собрано тридцать девять символических изречений Пифагора и дана им интерпретация. Изречения были переведены с греческого Томасом Тейлором. Ниже приведены десять важнейших афоризмов с краткими пояснениями их скрытого значения.

1. *Отклоняйся от дорог исхоженных, используй нехоженые пути.*

Это надо понимать так, что тот, кто ищет мудрости, должен искать ее в уединении.

2. *Будь хозяином своему языку прежде всех других вещей, следуя при этом Богу.*

Этот афоризм предупреждает человека, что его слова вместо того, чтобы давать о нем подлинное представление, могут вводить других в заблуждение, и, когда есть какое-либо сомнение, что должно сказать, всегда лучше промолчать.

3. *Дует ветер, поклоняйся шуму.*

Пифагор напоминает здесь своим ученикам о том, что Бог указывает слушать голос элементов, и что все вещи в Природе проявляются через гармонию, ритм, порядок или действие, приписываемые Богу.

4. *Помогай человеку в поднятии тяжести, но не помогай в сложении ее.*

Следует учиться помогать старательным, но не помогать никогда тем, кто стремится избежать ответственности, грех помогает ленивым.

5. *Не говори о делах Пифагорейского учения без света.*

Здесь мир предупреждается о том, что не следует толковать Божьи тайны и секреты науки без духовного и интеллектуального просветления.

6. *Выйдя из своего дома, не возвращайся, иначе в нем будут обитать фурии.*

Пифагор здесь предупреждает тех, кто, начав поиски истины и изучив некоторые тайнства, попытается встать на путь порока и невежества. Лучше ничего не знать о Божественном, нежели изучить малость и остановиться на полдороге.



7. *Корми петуха, но не приноси его в жертву, поскольку посвящен он солнцу и луне.*

Два великих урока скрыты в этом афоризме. Первый заключается в том, что не следует приносить в жертву богам живых существ, потому что жизнь священна и не следует разрушать ее, даже предлагая Богу. Второй заключается в предупреждении человека, что человеческое тело, символизирующееся здесь петухом, посвящено солнцу (Богу) и луне (Природе) и должно сохраняться как наиболее драгоценное средство человеческого воплощения. Пифагор предостерегал своих учеников также и от самоубийства.

8. *Не позволяй ласточкам селиться в своем доме.*

Это предупреждение искателю истины, чтобы он не позволял проникать в свой ум блуждающим мыслям или же входить в свою жизнь людям, не способным к духовному изменению. Он должен окружать себя рационально мыслящими людьми и сознательными работниками.

9. *Не протягивай охотно свою правую руку никому.*

Это предупреждение ученику: следует иметь свой собственный ум и не делиться мудростью и знанием (правая рука) с теми, кто не способен это оценить. Рука здесь представляет Истину, которая поднимает тех, кто упал по причине невежества, но поскольку многие из таких падших вовсе не нуждаются в мудрости, они скорее отрубят руку, протянутую им. Только время может помочь в искуплении невежества людей.

10. *Поднявшись с постели, сгладь отпечатки тела.*

Пифагор считал, что ученики, проснувшиеся от спячки невежества и пришедшие в бодрствующее состояние разума, должны устранить все воспоминания о своей бывшей духовной темноте. Мудрый человек не оставляет позади себя форму, которую менее разумные могут принять за форму для изготовления идола.

(по страницам раритетных изданий)



**Шытырман оқиғаның сыры.**

**Қабдылмәжит  
ТӘЛІПОВ,  
Маңғыстау облысының  
прокуроры,  
3-і дәрежелі  
Мемлекеттік  
заң кеңесшісі**



(әңгіме)

Тәліпов Қабдылмәжит Шаймарданұлы 1944 жылы туған, 1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген соң, көп жылдар прокуратура органдарында тергеуші, облыстық прокуратурада аға тергеуші, аудандық прокурор, 1985-94 жылдары Батыс Қазақстан облысының прокуроры болып қызмет атқарды. Қазір ол Маңғыстау облысының прокуроры. Қ.Тәліповтің "Қазақстан прокуратурасының құрметті қызметкері" деген атағы бар.

Оның әр кездерде тергеушінің жазбалары мен заң қызметкерлерінің күнделігінен деген атпен облыстық газеттерде бірнеше әңгімелері мен очерктері жарық көрген.

"Мемлекет мүлкін талан-таражға салып, бас пайдасына жұмсау қылмыстарын тергеу методикасы" деген еңбегі 1973 жылы республикалық "Опыт работы лучших следователей" деген жинаққа, ал 1975 жылы одақтық "Следственная практика" журналында жарияланды.

Біз журналымыздың алғашқы нөмірінде прозаға қалам тартып жүрген заң қызметкері Қ.Тәліповтің әңгімесін оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.



Ол сәл ғана есін жиып, қозғалмақшы болып еді, бар денесі сіресіп, тас болып қатып қалған. Көзіл ашамын деп қанша әуреленсе де одан ештеңе шықпады. Күн бе, түн бе, не болғанын, қайда жатқанын да білмеді.

-Өзі қалай болды...Кім еді... Неге жатырмын?.. - деп ойлап-ойлап, есіне ештеңе түспей, ыңырсып, қатты демалып қиналған кезде бәрін тағы да ұмытады...

Сәденді туған-туыстары, бүкіл ауыл, мектеп оқушылары болып іздегелі алты сағаттан аса уақыт өтті. Бір топ оқушы өздерінің класс жетекшісі Кенжеғұловтың бастауымен ауыл шетінен оңтүстік батысқа қарай төбе-төбе боп биіктеп, бара-бара Сартаумен ұласып кететін сілемдерді бетке ұстады. Бұлар ауылдан үш шақырымдай ұзай бере қарайған бірдемені көздері шалып, Сәден екеніне шүбә келтірген жоқ. Аудандық прокуратура тергеушісі Болатбеков пен аудандық аурухананың бас дәрігері Ысмайылова Қарашілікке тез жетті. Сәден шалқасынан жатыр. Басы, бет-әлпеті, қол-аяғының іскені соншалық, тіпті өзге адамға ұқсайды. Маңайдағы дыбысты естіп, аздап қозғалғаны болмаса ештеңе көріп жатқан жоқ, жауап та қатпайды. Көзін де аша алар емес. Болатбеков көп бөгелмей Сәденге өзін таныстырып, не болғанын, өзін осы халге жеткізген кім екенін айтуды өтінді. Бұл сөзді оған бірнеше рет қайталауға тура келді, бірақ ол тергеуші сөзін ұққандай болса да ештеңе айта алмады.

Болатбеков оның жатқан жерінен ештеңе айыра алмады, қаптаған аяқ іздері. Тек біраз уақыт жүрген соң ғана шөптесін жерлерден жоғары өрлеген үш жолақ із байқалады.

Осы іздерді бойлай отырып ол ауыл шетіндегі ағып жатқан бұлаққа тірелді. Бірақ бұлақ маңына екі жүз метрдей жетпей, бұл із жоғалып кетті. Болатбеков бұлақ басына келіп, тау жаққа қайта бет алды. Бір байқағаны - бұлақ маңындағы қаптаған ат тұяғының іздері жіңішкеріп әлгі үш жолақ ізге жетеді де, шөптесін жерлерге шыққанда көмескіленіп, сосын мүлдем көрінбей қалады. Анықтап қараған кісіге үш жолақ ізбен тұяқ іздері бірде-бір ажырамайды, сондықтан тергеуші осы ізде қандай да болмасын бір сыр бар деп түйеді. Сәден табылған жер үш

шақырымнан асады, жаяу кісіге оны сонша жерге өрге қарай жеткізу оңай емес, ал машина бұл жерлермен жүре алмайды. Сонда ол атпен жеткізілген болу керек. Іздер сыр шерте бастағандай болды. Міне, ортаңғы жалпақ із - бастың, ал екі жағындағы жіңішкелеуі екі қолдың іздері болуы керек. Ол атпен сүйретілгені анық. Болатбеков қайтсе де бір сөз естіп қалу үшін тездетіп Сәденнің үйіне келді. Ол баяғы сол қалпында жатыр. Оның бір-екі ауыз тілге келгеніне Болатбеков қатты қуанды.

Аздан соң ол өзін тағы да таныстырып, Сәденге:

-Мені естисің бе, кім сені осы халге жеткізген? - деп қайта-қайта айтты.

-Білмеймін, - деді ол.

-Сәден, ойлан-ойлан, қайтсең де есіңе түсір, - деп өтінді тергеуші. Бұған ол ешқандай жауап қатқан жоқ.

-Сені кімдер осы халге жеткізді деп ойлайсың? - Бұл сөздерді Болатбеков қайта-қайта ұқтырып айтты. Сәден біраз бөгеліп:

-Білмеймін, білмеймін, - деп екі рет қайталады да, - Дәмен мен Тұрымбектер болмаса, - деді.

Әрине, бұл жауап тергеушіні қанағаттандырмады. Одан әрі ештеңе сұрамады да және осы кезде Сәденді ауданға жеткізетін машина да келіп қалып еді.

Оқиға болған жерге ол қайта келіп, әлгі іздерді бойлап, әрі қарай жүре берді. Жолақ іздердің маңайында басқа ештеңе байқалмайды. Бірақ осы іздерден солға қарай екі-үш, бес-алты метрдей жерден анда-санда ақ қылшықтар көрінеді. Бұл іске қатысы бар-жоғын алдын-ала айту қиын, бірақ Болатбеков бұлардың бәрін бөлек-бөлек пакеттерге салып, қай жерден алынғанын белгілеп отырды.

Кім де болса Сәденді сонша жерге апарып тастауы - оны "өлді" деп ойлаған. Ал өлтірген кім? Шіркін, Сәден есін жиып, бәрін өзі айтып берсе ғой.

Дәмен мен Тұрымбек кінәлі ма? Оны Сәден нақтылап та айтпады. "Білмеймін, солар болмаса" деген сөзден тергеуші ешқандай көмек ала алмайды. Қалай да болмасын бұл өте мұқият тексерілетін жорамалдардың бірі.

Келесі күн де жақсы хабар әкелмеді. Сәден ауданға жетпей жарым жолда қайтыс болып кетті - деп



таңба бар. Жылықшының айтуынша өте жуас, бірақ мініске көп салынғандықтан арқасы жауыр болған. Ер-тоқым астында бір-екі жері қызылшақаланып, қотыры көрініп тұр. Жауыры жанына батқан кезде тулайтынды шығарыпты. Анықтап қарай келе ер-тоқым ағашы мен кейбір тоқым қапталған былғарының ішкі жақтарынан қатып қалған қанға ұқсайтын бірнеше дақтар табылып, оларды Болатбеков қырып, кейбір былғары шеттерін сол бойымен кесіп алды. Ер-тоқымға жақын жердегі жал астынан да қатқан қан табылды. Бесінен тоғызына дейін барлық қанның сол күйінде сақталуы мүмкін емес. Оның үстіне жепісі күні Қоғалы жақта қатты жаңбыр жауып өткен. Болатбеков совхоздың бас мал дәрігерінің көмегімен көк аттың әр жерінен бірнеше ақ қылшықтар алып, бәрін тез арада облыс орталығындағы эксперттік мекемеге жөнелтті.

Өзі жарты күнге аудан орталығына қайтып келді де, милиция бөлімі бастығының кабинетіне Қожаспаевты алдырды. Ол жылықшыларға айтқан сөзінен айныған жоқ. Тергеушіге оның ішкі сезімі "осы, осы өлтірген" деп айтып тұрғандай. Дәмен мен Тұрымбек, Қожаспаев бірін-бірі білмейді, кештен де бөлек қайтқан, ол екеуін одан әрі ұстауды жөн көрмей, Болатбеков оларды босаттырып жіберді. Кінәлі болып шықса ешқайда қаша қоймас деп ойлады. Бұл үш күннің Дәмен мен Тұрымбекке дәл үш жылдай болғанын тергеуші олардың түстерінен сезеді.

Қожаспаев бөлімше веттехнигі Беркіннің үйіне түскен болып шықты. Қайыржанның үйіндегі кешке шақырылмай барған.

Беркін үйі кең, ауласы үлкен, ауыл шетінен ағып өтетін бұлақтың жанына салынған екен. Аула ішінде үлкендіктері кішігірім тайыншадай десе болғандай үш ит арсылдап тұр. Еркіндік берсе кіріп келген бөтен кісілерді жарып тастауға бар. Кіре берістегі биік қорада төбеден жерге дейін сүйретілген қасқыр терісі ілулі тұр. Болатбеков аздап қасқырдың үлкендігіне таңданып тұрды да, үй ішіндегі Беркіннің шешесіне Қожаспаевқа қатысты бірнеше сұрақтар қойды.

-Мен ештеңе білмеймін, мені әуре қыла көрме, - деді ол кісі.

-Сіз білгеніңізді айтсаңыз болды, әйтпесе аудан орталығындағы прокуратурада сөйлесеміз...

-Таң ағарғанда сыртқы есіктің ашылып-жабылғанынан оянып мен далаға шықтым. Келген Қасен екен. Мен үйге қайта кіргенде ол "Апа, біреу атымды мініп кетіпті" деді. Мен:

-Қой балам, біздің иттерден батып, маңайға тірі жан келмейді, шешіліп кеткен болар, - дедім. Ол бұл сөзімді естіген-естімегенін білмеймін жатып қалды да, содан түсте тұрып бір-ақ кетті.

-Ал Қасеннің үстінде қандай киім болды?

-Киімі сол жылықдан келген бойы болуы керек. Анық білмеймін аяғында етік-ті.

Осы кезде Болатбековтың ойына кеште болған бірде-бір адам оның аяғында етік болды деп айтпағаны есіне түсті. Әлде кешке туфлимен барып, етікті кейіннен киіп алды ма?...

-Сіз бізге сол етікті және Қасеннің қалған киімдерінің бәрін де беріңіз.

-Киім дейтін оның басы артық киімі жоқ.

Болатбеков бұл кемпірдің істі тағы да қиындатып бара жатқанын сезіп, үйіне тінту жүргізуге бекінді. Бұл кісінің тауып беретін ыңғайы жоқ. Немесе расында да оның киімдерінің қайда екенін білмеуі де мүмкін. Үй-ішінің бәрі қаралып, одан ештеңе шықпай, мал қораның ішінде тығып тасталған жасыл балон куртқа, шалбар, керзі етік алынды. Сырт қараған көзге балон куртканың екі етегімен, шалбар, керзі етіктің қонышында барынша тазартып жуып тастаған қан іздері бар сияқты. Әсіресе керзі етіктің қонышындағы бүртіктерден қан ізі жөнді кетпеген.

Аудан орталығына қайтып келген Болатбеков Қожаспаевтың киімдерін экспертизаға әзіраеп, оның өзімен бір-екі ауыз тілге келді. Қожаспаев біртүрлі өзгергенмен мойнына ештеңе алмайды. Киіміндегі жуылаған қан наурыздың аяқ кезінде вокзал маңында өзін белгісіз бұзақылар ұрып кеткендегі қан деп түсіндірді. Болатбеков көп әуреленген жоқ. Өйткені, Қожаспаевқа күдігі артқанымен оны бұлтартпайтын әлі бірде-бір дәлелі жоқ еді. Дәмен мен Тұрымбектердің де қылымысқа қатысы бар-жоғы қатал тексерілді. Бұл іске



хабарлады оған осындағы ауылдық дәрігер.

Қылмыс жасалған күні Қайыржан дегеннің баласы әскерге жүретін болып, ауыл жастары, оның ішінде Сәден де сол үйде болған. Кеш у-шусыз өтіп, сағат түнгі екінің кезінде түгел тараған.

Тергеуші ең алдымен кештегі болған жастарды, осы ауылға сол күні келіп кеткен кісілерді тізімге алды. Дәмен мен Тұрымбектің болуы да тергеушіге көп ой салды. Ауыл адамдарының айтуынша Дәмен барып тұрған бұзақы, кім болса соған соқтығысып, жанжал шығаратын жігіт. Әсіресе арақ ішкен кездерінде одан нені болсын күтуге болады. Бірақ Сәден, Дәмен, Тұрымбектердің арасында осы кеште де, бұдан бұрын да ешқандай жанжал, ерегіс болып көрген емес. Сәден болса жоғары оқу орнының үшінші курсына оқып жүріп, денсаулығына байланысты академиялық демалыс алып, ауылға жуырда келген.

Болатбеков бұл екеуінің басқа да күдікті үш жігітті мұқият тексеруім керек деп түйді. Бұлардың әрқайсысының сол кешке қандай киіммен барғаны анықталып, үйлерінен сол киімдер алынып, алдын-ала байқаудан өткізіп еді, бірақ не қан жұққан, не ат түгі бар белгі табылмады. Сонда да бұларды бір-бірімен сөйлестірмей бөгей тұру керек деді де, ол бесеуін совхоз кеңсесінің бес бөлмесіне уақытша қамай тұрды. Әрқайсысымен жеке сөйлесті.

Ол қалай бастап сөйлессе де күдікті деп ұсталған бес жігіттен ешқандай мән шығара алмады. Өзінің "құрқол" екенін сезінді. Иә, кім болмасын оңайлықпен берілемесі анық. Сөйлесу қорытындысында ол екі жігітті сол күні қоя берді де, Дәмен, Тұрымбек тағы бір жігітті мән-жайды анықтап алғанша ұстай тұруға шешім қабылдап, бөлімше инспекторымен ауданға аттандырып жіберді.

-Қазіргі негізгі мақсат, - деді Болатбеков алдында отырған қылмысты істерді іздестіру бөлімінің аға инспекторы Күдербаевқа, - көк жылқы немесе көк аттылы кісілерді анықтау. Жылқылардың иелерімен осы оқиға болған түні қайда болғанын, осы қылмысқа қатысты бар-жоғын жатпай-тұрмай тез арада айналысып, әлсін-әлсін маған хабарлап отырыңыз.

Түс ауа Күдербаев совхоз орталығынан жеті шақырым жердегі Қоғалыдан телефон соқты.

-Мен ғой...- деді Күдербаев. - Бесінші май күні түске таман осы бөлімшеде бағылатын совхоз жылқысына ер-тоқымы, жалы қан-қан болып Қожаспаев мініп кеткен жылқы қосылған. Оны осында қалған жылқышылар көріп, Қожаспаев бірдемеге ұшырап қалды ма деп, қорыққан көрінеді. Бірақ Қожаспаевты жақсы білетін Мырзаш деген жылқышы ол аттан құлап немесе біреуден жәбір көретін жігіт емес дейді де не болғанын білмей аң-таң болады. Аздан соң басқа ат мініп Қожаспаевтың өзі жетеді.

Оның басқа жылқышыларға айтқаны Қайыржанның үйінен түнгі екілер шамасында түскен үйіне келсе, кешке байлап кеткен көк ат орнында болмай шығады. Ол оны іздеп әуре болмайды, түске дейін ұйықтап, өзіне таныс Рамазанның атын сұрап алып осында жеткен. Бірақ көк атты қан-қан болып мына күйге түскеніне ол да таңданады.

-Жақсы, - деді Болатбеков телефонмен ұзақ сөйлескеннен кейін. -Сол атты бір жылқышымен осында жеткізіңіз.

"Қожаспаев, Қожаспаев" деп Болатбеков ойланып қалды. Иә, ол кешке Қоғалыдан атпен келгенін, кейін сол аттың байлап кеткен жерінде болмағанын тергеушіге айтып еді-ау, енді міне, оның басқа жылқышыларға айтқаны оған деген күдікті күшейте түсті. Мүмкін ол емес. Шынында да басқа біреу мініп кетуі де мүмкін. Бірақ ол өз атының қан-қан болып жылқыға қосылғанын неге жасырады?..

Неде болса алғашқы бес жігіттің ішінде ұсталып, кейіннен Қожаспаевты Дәмендермен бірге ауданға жібергеніне іштей қуанды. Қожаспаев екеуінің алғашқы сөйлескендерін есіне түсірді. Ол оған бір нәрсені жасырып тұрғандай болып көрінген. Қожаспаевқа қарсы әзірше ешқандай дәлел болмаса да, оны Дәмендермен ұстай тұруды жөн көрген. Кешке киіп барды деген киімдерінен де күдікті ешнәрсе байқалмаған.

Қоғалының жылқышылары мінетін көк аттың сол жақ жамбасында "К-493" деген күйдіріліп басылған



олардың қатысы жоқ деген қортындыға келді ол. Өлген жігіттің ата-анасы тергеушінің бұл ісіне риза болмай "Өлтірген Дәмен, Тұрымбек, одан басқа ешкім емес Дәмендерді қамауға алып, ана кінәсіз жігітті босат" деді. Тіпті жергілікті әкімет орындарымен жоғары органдарға арыз да жазды. Болатбеков қалай түсіндірсе де оларды иландыра алмады.

Әрине, тергеу барысын олардың арызы бойынша тиісті орындар бірнеше рет тексеріп, бәрі дұрыс деп танылды. Міне, көптен күткен әртүрлі экспертиза қорытындысы да келді-ау.

Оқиға болған жерден теріп алған ақ қылшықтар мен өлген жігіттің киімінен алынғаны Қожаспаев мініп келген "К-493" номерлі аттың қылшықтары болып шықты. Ер-тоқым ағашы мен былғарысынан ойылып алынған және ат жалынан алынған қатқан қан Сәденнің қанымен топтас екені анықталды. Демек, Сәден осы атпен сүйретілгені дәлелденіп отыр. Бірақ осы арам қылықты іске асырған кім... Бұл әлі жұмбақ, жерден теріліп алынған ақ қылшықтар ішінен бір тал адам шашы табылып отыр. Ол кімнің шашы екен?

Болатбеков үлгі ретінде Қожаспаев, Дәмен, Тұрымбектің шаштарынан бірнеше тал шаш алып ақ қылшықтар ішінен табылған жалғыз тал адам шашының осы үшеуінің қайсысының екенін анықтауға экспертизаға жіберді.

-Міне,- деді Болатбеков Қожаспаевтың әлі де болсын бұттарып отырғанына төзімі шыдамай,- керзі етігінің қонышы мен балон куртқадағы қан Сәденнің қанымен топтас болып отыр. Екінші топқа жатады. Ал, егерде, сіз айтқандай өз қаныңыз болса, ол үшінші топ болуы керек. Оның үстіне ақ қылшықтың арасынан табылған бір тал шаш сенің шашың-төбе шашыңнан түскен. Егер сен Сәденнің сол атпен тау жаққа апармасаң, бір тал шаш ақ қылшықтардың арасында ол жаққа қалай барды деп ойлайсың?

-Әрине, сен Сәденді ешқандай себепсіз өлтірдің, сол үшін мойныға алуға да қорқып отырсың. Дәл қазір сенің мойындауыңның керегі шамалы. Бірақ болған істі егжей-тегжейлі айтып берсең өзіңе жеңіл болар еді.

Кожаспаев көп ойлаңды. Өзінше бір байламға келген сияқты. -Азамат тергеуші, жазыңыз,- деді.

-Сіз ең әуелі оқиғаның қалай болғанын айтып беріңіз. Жазуға әлі асықпаймын,- деді Болатбеков.

-Мен сағат түнгі екілер шамасында жұртпен бірге шықтым да, түскен үйге келіп, шылым тартып далада біраз тұрдым. Түн қараңғы болатын. Алдымдағы бұлақ жанынан қарауытқан біреу көрінді. Әлгі кісі жақындап жанымнан өте бере:

-Неғып тұрсың, жігітім,- деді де мені қағып өте берді. Мен оның сол кеште болған сұңғақ бойлы талдырмаш Сәден деген жігіт екенін таныдым.

-Онда шаруаң болмасын дегенім сол екен, ол менімен ұстаса кетті. Мен оны бірінші болып басымнан асыра лақтырып жібердім. Ол екі-үш домалады да анадай жерге барып, сұлқ түскен қалпымен қозғалмай қалды. Одан арғысы сіздерге белгілі. Беркін үйінде байлаулы тұрған атымды әкеліп, оны алдыма өңгеріп салып алдым да тау жаққа жүре бердім. Ауылдан ұзасымен ат тулай жөнелді, құлап бара жатқан Сәденнің екі аяғы қолыма ілікті. Ат үркуін қойды. Сәден басымен жер сызып сүйретіліп келеді. Ат тағы да тулап, екеуміз де құлап қалдық. Орнынан тұра сала шылбырға жармаспақшы едім үлгере алмадым. Одан кейін қан-қан киімімді жуып, Беркін үйіне сағат төрттер шамасында келдім. Мен әрине, оны өлді деп ойлады. Бірақ олай болмай шықты. Сондықтан маған сіздер кісі өлтірді деп айып таға алмайсыздар,- деді ол тергеушіден көзін айырмай.

-Жоқ,- деді Болатбеков,- өлтірдім деп ойлаған екенсіз, бірақ ол қандайда бір себеппен тірі қалса, айыпкер кісі өлтірген есебінде жауап береді.

-Жарайды, солай-ақ болсын, сіздерше,- деді айыпкер,- бірақ мен тікелей оған ешқандай жарақат тигізгенім жоқ. Өлтіремін деп ойлаған жоқпын. Бар болғаны өзі тиіскен жігітті басымнан асыра лақтырып жібердім. Қорғануға хақым бар емес пе?

-Ендеше тік шек неге жарылды деп ойлайсың?

-Е-е, ұмытып барады екем,- деді Қожаспаев жұлып алғандай,- ат тулап екеуміз екі жаққа құлағанда ат оны бір-екі рет теуіп жіберген болатын. Тік шек жарылып Сәденнің өлуінде менің ешқандай жазығым жоқ.



-Сен аздап аз да болса шындықты бұрмалап отырсың. Сәден саған тиіскен жоқ. Ауылдағылардың айтуынша ол ешкімді ренжітіп көрмейті. Оған бұзақылық ниетпен еш себепсіз өзің тиістің деп қорытынды жасап тергеу материалдары жеткілікті. Шындықты сен айтпасаң, өзім айтайын,- деді Болатбеков. -Бұзақылығың үшін жауапқа тартылып, сотталғаныңды айтпадың, бұл бір. Жаңаталап ауданының ішкі істер бөлімі іздеу салғанына екі айдай болып қалыпты. Ешбір жазықсыз туған нағашыңды соққыға жығып, ауыр жарақаттап кеткен көрінесің. Ал мыңда қашып келіп, істегенің мынау.

Сенің Нұрымбетовтен әдеқайда қарулы екенің рас, оның лақтырып жібергеніңе сенуге болады. Бірақ ол құлап түскенде іштен тепкеніңді жасырып отырсың. Ат тепті деген сөзіңнің қисыны келмейді,- деді тергеуші дауысын қатайта түсіп. -Өйткені, Нұрымбетовтың тік ішек тұсында керзі етік тақасының таңбасы анық түсіп қалған. Жарақат та, керзі етіктің тақасы да ұзыннан өлшегенде сегіз сантиметр. Ал атыңның тұяғының диаметрі қай жағынан болсын он екі сантиметр. Және Нұрымбетовтың денесінен ат тұяғына ұқсас не оның көлеміндегі жарақат табылған жоқ.

Қожаспаев көп отырды, шынында да енді бұлтара алмайтынын түсінген сияқты. Өзінің жасаған қылмысын дәл мынадай, жалтартпайтын дәлелдермен айыптайды деп ойламаған. Бір кезде:

-Азамат тергеуші, сізге бір-ақ сұрағым бар,- деді ол.

-Айтыңыз.

-Қалай ойлайсыз, осы қылмысым үшін маған ату жазасын бере ме?

-Оны мен айта алмаймын, Қожаспаев. Бұл сот органдарының шешетін мәселесі. Жалпы сіз жасаған қылмысқа сот осы жазаны тағайындауына негізі бар.

Қожаспаев тұнжырап төмен қарап, өзінің осы уақытқа дейінгі өткізген өмірін көз алдына елестетті. Көңілінде өкініш... Бұл оның өміріндегі алғашқы өкініші еді. Ол бір мезетте есін жиып, басын көтерді. Тергеушіге қарап:

-Жазыңыз,- деп тіл қатты...



## МӘНГІК ШЫРАҚТАР

Көне заманда египеттіктер мен гректер, сондай-ақ римдіктер өлген адамның табытына шырақ қоятын болған. Бұл құдайға жасалған құлшылық әрі о дүниеге аттанған жанның қараңғы түнек сапарында жолы жарық болсын деген ниеттен туса керек. Тіпті екі мың жылдан кейін ашылған табыттар ішіндегі әлгіндей шырақтың майы бастапқы күйінде сақталып, сол жанған күйі тұрған. Енді оған таңғалмай көр. Мұндай таусылмайтын жанармайдың болатындығына ортағасырлықтар арасында көп талас-тартыс болды. Осындай таңғажайып оқиғаны мұқият зерттегенде көне химик-ғалымдар ұзақ уақыт бойы жанатын шырақты жасай білгеніне көз жетеді. Бұл жөнінде кезінде көптеген белгілі адамдар жазды. Мәселен, оның ішінде У.Уинн Уэсткотт, Блаватская еңбектері бар. Әрине, аталған проблема хақында авторлардың көзқарасы әртүрлі болғанымен олардың көбі феноменальді шырақтың болатынын мойындайды. Олардың біреулері шырақ мәңгі жанады десе, енді біреулері ешқандай май құймай-ақ бірнеше ғасырлар бой сақталады деп пікір білдірді. Тіпті бұл құбылыс жын-перінің ісі деушілер де табылды. Ғалым Афанасий Кирхер де алдында осындай пікірде болғанымен кейін былай деген: "Египетте асфальт пен мұнайдың мол қоры бар. Оны тапқан ғалымдар не істеді дейсің ғой? Олар асбест өзекке мұнай арналарын жасырын жолдармен әкеп қосқан. Мұндай шырақтар мәңгі жана алады. Менің ойымша, көне заманғы шырақтың бар құпиясы осында жатыр..."

Ал Монфакон өз кітабында соңғы пікірді жақтайды да мәңгілік шырақтардың сыры механикалық әдісте деп тұжырымдайды. Оған кейбір табыттарды ашқанда түтін шығатынын дәлелге келтіреді.

Әлемнің әр шалғайында кездескен табыт ішіндегі шырақтардың қызықтары да аз емес. III Павел Папа болып тұрғанда Аппиев жолындағы табыт ішінде терметикалық



бөлменің ішінде 1600 жыл бойы жанып тұрған шырақ табылған. Сол кездегі көз көргеннің айтуынша ұзын сары бұрымды жас та әдемі қыздың денесі белгісіз сұйықтың ішінде жүзіп жүрген. Мүрденің сақталғаны сондай, тап қазір қайтыс болғандай әсер қалдырған. Табыт ішінде бірнеше заттар, оның ішінде жанып тұрған шырақ та бар. Табытты ашқан кезде желдің лебімен от сөніп қалған да қайта жанбай қалған. Бұл Цицеронның қызы екендігін дәлелдейтін бірқатар дәлелдер болған көрінеді.

Мәңгі шырақтар әлемнің түпкір-түпкірлерінен табылды. Тек қана Жерорта теңізінде ғана емес, Индияда, Қытайда, тіпті Оңтүстік Америкада да кездескен екен. Енді төменде сол мәңгі жанатын шырақтар туралы әр ғасырда кездескен оқиғаларды айта кетелік.

Юпитер Аммон храмының мандайшасында жанып тұрған шырақ туралы Плутарх жаза келіп, оның ешқандай жанармайсыз бірнеше ғасыр лаулап тұрғанын білімпаздардың айтқанына сүйеніп келтіреді.

Ал Венераға арнап салынған Египет храмындағы шырақты жел де, су да сөндіре алмайтынын Августин суреттепті.

Император Юстинианның билік құрып тұрған кезінде Эдессте мәңгілік шырақ табылған, 500 жыл бойы жанып тұрған оны солдаттар сындырып кеткен. Біздің жаңа дәуіріміздің үшінші ғасырынан бері жанып тұрған ортағасырлық шырақ Англияда да табылғаны белгілі. Ол ұлы Константиннің әкесі табытында болған деседі.

Поланта шырағы 1401 жылы Рим маңынан табылды. Ол Эвандрдың ұлы Поланта табытынан шыққан. Осы мәңгілік от 2000 жыл бойы сөнбепті. 1550 жылы Неаполитан мойнағындағы Несида аралында табылған мәрмәр табытын ашқанда христиан дәуірінен бұрын тұтанған шырақ шыққан. Айта берсе мұндай мысалдар көптеп кездеседі. Сонда оның құпиясы неде деген сауал мазалайды. Қазіргі ғалымдардың пайымдауынша шырақ өзегі асбестіден жасалған, ал оны алхимиктер саламандр қылы деп атаған екен. Ал жанармайы алхимиктер ізденісінің жемісі деген тұжырым бар. Кирхер асбест отқа төзімді, ал одан алынатын май да сондай. Сондықтан да шырақты жанар-

маймен қамтамасыз етуге болады деп біраз әуре-сарсаңға түскенімен, оның кейін бос қиял екеніне көзі жетіпті.

Дегенмен мұндай шырақтарды дайындаудың бірнеше формулаларды сақталыпты. Мысалы, Е.Блаватскаяның "Исидасында" ертеде өмір сүрген авторлар -Титенхайм мен Бартоломео Корндорфтың еңбектерінен көшіріп басқан екі әдісті келтіреді.

*Біз мәңгілік шырақ жөніндегі материалдарды қазақ тіліне аудару арқылы әлемнің әр шалғайындағы кездескен таңғажайыптарды оқырманға ұсынуды жөн көрдік. Осы орайда "Қазақ елі" газетінде 127 қазан, 1995 жыл/ жарияланған "Жігіттің падишасы Әмір Темір" атты мақала еске түседі:*

*"Үкімет экспедициясының алдынгы ең жауапты жұмыс ұлы жиһангердің қабірін ашу болатын... Экспедиция мүшелері түгел қақпақты ашуға жиналды. Бүкіл кинокамералардың, фотоаппараттардың объективтері бір нүктеге бағытталды. Жұрт демін тартып үнсіз қалды. Кенет, оқыстан қақпақ көтеріп алынғанда жұрт шошып кетті. Табытта тірі адамдай шалқалып Әмір Темір жатыр екен. Көзді ашып-жұмғанша табыт ішін қою бу перделеп алды. Жұрт шошынып кейін сергілді. Бу да тарады. Енді бұл көрініс елестей болып өте шығып, табыт ішінде Ұлы Әмірдің сүйектері ғана жатыр еді. Жүзі Меккеге қараған. Мумияланған бұлшық ет қалдықтары, бас сүйекте жабысып қалған шаш тұқылдары көзге айқын көрініп тұр".*

*Бұл көне заманның емес, 1941 жылғы маусымның 21-і күні болған оқиға еді. Ал соның алдында ғана жергілікті көнекөз қариялар экспедиция мүшесінің бірі Өзбекстанның белгілі кино режиссеры, бүгінде көзі тірі Мәлік Каюмовке көне кітапты көрсетіп, "егер бұл қабір ашылса, қанды қырғын соғыс басталады" деген екен. Ертеңінде 22 маусым күні соғыс басталғаны белгілі. Міне, әлемдік таңғажайыптардың бірі осы құбылыс демей көр!*

Орыс тіліндегі басылымдар бойынша дайындаған  
С. БЕК.





**Сағаділда  
ӨЖІБАЕВ -**  
Бас  
прокуратураның  
аудармашы-  
бас маманы.  
Сықақ өлең-  
өңгімелерін  
республикалық  
газет-  
журналдарға  
жариялап та  
көрген,  
«ТАМАШАҒА»  
жұртты  
тамсандырып  
қалам да  
тартып жүрген  
Сәкеңнің бірер  
сатиралық  
шығармасын  
біздің журнал  
да оқырманға  
ұсынуды жөн  
көрді.

## НАСЫБАЙ мен ТЕМЕКІ (мысал)

-Арырақ, - деді Темекі  
Түртіп қалып Насыбайды.  
Мың күнің менің бір күнгі  
Өміріме татымайды.  
Темір шақша, кір қалта  
Жатағың нағыз абақты,  
Шал-кемпірден басқаға  
Еш қадірің қалмапты.  
Кесікті бағаң жоқ,  
Сондықтан шіренетін шамаң жоқ.  
Ал біз болсақ,  
Зауыттан шығып  
Дүкендерге келеміз.  
Құнымызды төлегеннің  
Қалтасына енеміз.  
Костюм, жейденің төс қалтасына,  
Плащ, пальтоның бос қалтасына,  
Жолаушының жол сөмкесіне  
Кіріп алып ұйықтаймыз.  
Анда-санда болмаса шықпаймыз.  
Қыздардың дәмді еріні,  
Келіншектердің сәнді еріні  
Аймалап мені сүйіп жүреді.  
Шіркін өмір менікі ғой, -  
Деп мақтанды Темекі.  
Насыбай сөзге шорқақ еді,  
Ешнәрсе демеді.  
Көки берсін бос сөзге  
Несіне құлақ ілеміз,  
Қоқыс пен күл салғыш  
Екеуінің барар жерін білеміз.

Алдаспан

## АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ (1675-1768)

Сары аязда қата ма,  
Қайнардың аққан тұнығы,  
Қап түбінде жата ма,  
Болаттың асыл сынығы,  
Халқы тозып кем болмас,  
Әділ болса ұлығы.  
Рахымсыз жақыннан  
Халқы қатты түңілер,  
Сырқат болсаң жат жерде  
Жанында кім бөгелер.  
Әділ туған жақсыға  
Екі даугер жүгінсе  
Тізесін кисық бұрмаса,  
Асылдығы білінер.

xxxx

Балаларыма өсиет:  
Қылмаңыздар кепиет,  
Бірлігіңнен айырылма,

Бірлікте бар қасиет.  
Татулық болар береке,  
Қылмасын жұрт келеке,  
Араз болсаң алты ауыз  
Еліңе кірген әреке.  
Талпынып салдым егінді,  
Ішсін деп әркім тегінді,  
Ақылын болса ұғарсын  
Ойың болса сезімді.  
Тоқсанға жас келген соң,  
Өлім жақын көрінді,  
Бар арманым айтайын,  
Батырларша жорықта  
Өлмедім оқтан қайтейн...  
Ел аман болсын ылайым,  
Тілегім берді бәрін де,  
Разымын, құдайым.

### Ойшылар айтқан ойлы сөз

Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек. Зұлымдық бақытқа жетуге кедергі жасайды.

ӨЛ-ФАРАБИ.

Елді шын мәнінде мейірімді адам басқарса, бір ұрпақтан соң халық түгелдей қайырымды адамдар болады.

КОНФУЦИЙ.

Біз алдыңғы толқындардан кейін олардан қарға адым болса да ілгерілеу үшін келгенбіз.

ЧААДАЕВ.

Дүниедегі қайғы-қасіреттің көз жасы-әлемдегі төрт ұлы мұхиттың суынан да көп.

БУДДА.



## ЗАҢ СӨЗДІГІ

### Авторское право - авторлық құқық

Шығарманың түрі, мақсаты және қасиеті, сондай-ақ оны бейнелеу тәсілі қандай екеніне қарамастан, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына қолданылады.

### Аграрное законодательство - аграрлық заңдар

Бұлардың қатарына жер туралы, ұжымшар-кеңшар жайлы, жалпы ауыл шаруашылығы жөніндегі құқықтық актілер жатады.

### Адвокатура - адвокатура

Адвокаттық қызметпен айналысатын адамдардың өз еркімен бірігуі. Адвокатураның басты мақсаты - жеке адамдар мен ұйымдарға заңға сәйкес құқықтық көмек көрсетуге, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сот әділдігін жүзеге асыруға, жалпы заңдылықтың сақталуына, еңбек тәртібін сақтауға, басқа адамдардың құқығын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге бағытталған.

### Административная ответственность - әкімшіліктік жауаптылық

Азаматтар мен лауазымды адамдардың әкімшіліктік құқықты бұзғандығы үшін заң алдындағы жауаптылығы. Оған әкімшіліктік құқық бұзған 16 жасқа толған және одан асқан адамдар тартылады. Дипломатиялық иммунитеті бар шетел азаматтарын әкімшіліктік жауаптылыққа тарту мәселесі дипломатиялық жолмен шешілді.

Сөздікті басылымға дайындаған  
Ботагөз ЖАМПЕЙІСОВА,  
Бас прокуратураның аудармашысы.

## НОВЫЕ НАЗНАЧЕНИЯ

Фамилия, имя, отчество	Должность	Дата назначения
НУРГАЛИЕВ Аллаберген Згалиевич	Первый заместитель прокурора Актюбинской области	01.02.96.
ОНГАРБАЕВ Сатимбек	Прокурор Восточно-Казах- станской области	12.03.96.
АШЛЯЕВ Тулеген Ашляевич	Прокурор Алматинской транспортной прокуратуры	12.03.96.
МАМЫТОВ Булытбай	Прокурор Жезказганской области	12.03.96.
ЕРГАЛИЕВ Бахытбек Сабырович	Прокурор Атырауской области	12.03.96.
МЕРЗАДИНОВ Ергали Серикбаевич	Прокурор Северо- Казахстанской области	12.03.96.
НОГАЙ Олег Петрович	Прокурор Целинной транспортной прокуратуры	12.03.96.
ЕСИМОВ Магдан Таубаевич	Прокурор Западно- Казахстанской транспортной прокуратуры	12.03.96.
НУРДАВЛЕТОВ Моряк	Заместитель прокурора Алматинской транспортной прокуратуры	14.03.96.
КАЛДЫБАЕВ Максут Калдыбаевич	Первый заместитель про- курора г. Алматы	14.03.96.



<b>ПАКИРДИНОВ</b> Мухамеджан Ахмедияевич	Заместитель прокурора Алматинской области	14.03.96.
<b>ОНАЛБАЕВ</b> Тыныбек	Первый заместитель прокурора Алматинской транспортной прокуратуры	14.03.96.
<b>ЛЕВКИН</b> Алексей Никитич	Прокурор Южно- Казахстанской области	18.03.96.
<b>КОРЧАГИН</b> Виктор Михайлович	Прокурор Павлодарской области	18.03.96.
<b>ИРКЕБАЕВ</b> Бахытжан Валиевич	Первый заместитель прокурора Акмолинской области	26.03.96.
<b>ИБРАЕВ</b> Коньсбек Балташевич	Заместитель прокурора Южно- Казахстанской области	03.04.96.
<b>АРЫСТАНБАЕВ</b> Бейбит Адилбахович	Первый заместитель прокурора Западно- Казахстанской области	18.04.96.
<b>САФРОНОВ</b> Юрий Кузьмич	Первый заместитель прокурора Западно- Казахстанской транспортной прокуратуры	19.04.96.
<b>УТИБАЕВ</b> Гарифулла Курмангожевич	Прокурор Талдыкорганской области	19.04.96.
<b>РООТ</b> Владимир Васильевич	Первый заместитель прокурора Талдыкорганской области	19.04.96.

**КАК ОФОРМИТЬ ДОКУМЕНТ?**

Под этой рубрикой приводятся образцы оформления различных юридических документов.

В судебную коллегия по уголовным делам Алматинского городского суда от осужденного Баратова Рената Шамировича, проживающего по адресу: г. Алматы, ул. Чайковского, дом 3

**Кассационная жалоба на приговор суда**

Приговором народного суда Советского района г. Алматы от 15 марта 1995 года я признан виновным в совершении кражи из квартиры и осужден по ч. 3 ст. 132 УК РК к 7 годам лишения свободы.

С приговором суда не согласен, так как считаю, что органами следствия мои действия квалифицированы неправильно, я не являюсь наркоманом, суд в судебном заседании не исследовал этот вопрос и наказание назначено мне по статье, предусматривающей более тяжкое наказание.

В соответствии с ч. 1 ст. 314 Уголовно-процессуального Кодекса РК

Прошу:

Коллегию по уголовным делам Алматинского городского суда, приговор народного суда Советского района Алматы от 15 марта 1995 года отменить и передать дело на дополнительное расследование.

Подпись 18 марта 1995 года  
Баратов Р.Ш.

В народный суд Советского района г. Алматы от Курмашева Нурлана Есетовича, проживающего по адресу: г. Алматы., ул. Мичурина, д. 15

**ЗАЯВЛЕНИЕ**

(о предоставлении свидания с осужденным)

В соответствии со ст. 305 УПК РК прошу разрешить мне свидание с Курмашевым Есетом Нурлановичем, который является моим сыном. По приговору суда от 10 июня 1995 года он осужден по ст. 76 ч. 3 УК РК к 3 годам лишения свободы и содержится в следственном изоляторе.

Подпись 12 июня 1995 года  
Курмашев Н.Е.





**ЗАҢ  
ЖӘНЕ  
ЗАМАН**

**ЗАКОН И ВРЕМЯ**

**1'96**

Рукописи авторам  
не возвращаются,  
редакция не всегда  
разделяет точку  
зрения авторов. При  
использовании или  
переснятии  
публикаций  
журнала ссылка на  
источник  
обязательна.

Журнал  
зарегистрирован в  
Национальном  
Агентстве по  
делам печати и  
массовой  
информации  
Республики  
Казахстан.

Регистрационное  
свидетельство  
№ 20.

Сдано в набор 29.04.96

Подписано в печать

27.05.96 ×

Формат 84 108 1/32.

Бумага офсетная.

Печать офсетная.

Объем 8,3 п.л.

Заказ №3245

Тираж 5000 экз.

Цена договорная.

Периодичность 1 раз  
в 2 месяца.

Республиканское  
газетно-журнальное  
издательство  
“ДӘУІР”, 480044, г.  
Алматы, пр. Достык,  
2/4.

Адрес редакции;  
480099, г. Алматы,  
ул. Желтоқсан, 189,  
тел: 50-42-47,  
50-44-64.





**«ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН»**

**ЖУРНАЛЫНЫҢ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Бірінші қатарда: Б. Ә. СЕМБИН, М. С. НӘРІКБАЕВ,  
А. В. КОНСТАНТИНОВ.*

*Екінші қатарда: Ю. А. ХИТРИН, С. Б. СОҚПАҚБАЕВА,  
Б. Т. ТҮРҒАРАЕВ.*

*Үшінші қатарда: С. Б. ИБРАИМОВ, Ж. С. ЕЛУБАЕВ,  
Н. Л. МУФТАХ, С. П. ЕСЕНОВ.*